


№ 01 (2023)  
ҚАҢТАР 2025 ЖЫЛ

# АІВҮН



*Республикалық әскери-патриоттық журнал*





## МАЗМҰНЫ:



6



8



12



19



22



28



34



36

# АҮБЫН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

### ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров  
Ерлібай Қадырбай

### ДИЗАЙНЕР

Мейрам Токжуманов

### ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова  
Фархат Кинжитаев  
Алуа Искакова  
Меруерт Сафаева  
Нариман Дюсенов

### КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова  
Наталья Варнавская

### ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан  
Құрманғалиевтің  
фотолары пайдаланылған

E-MAIL: [info@sarbaz.kz](mailto:info@sarbaz.kz)

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан  
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл  
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана  
көшесі, 11 үй.  
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын  
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер  
рецензияланбайды және авторларға  
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар  
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы  
30-сәуірде №5341-Ж куәлігі берілген  
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.  
Таралымы 889 дана. Тапсырыс № 12

# ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ТӘРБИЕ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ОФИЦЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті тәрбиеші-офицерлер! Қадірлі ардагерлер!

19 қаңтарда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тәрбие құрылымдарының офицерлері құрылған күнін атап өтеді.

Осыдан дәл 32 жыл бұрын командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарлары институты құрылған болатын. Олардың міндеті әскери қызметшілердің бойында конституциялық борышқа адалдықты қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу, жоғары моральдық рухты сақтап, Отанды қорғауға

дайындау болды.

Қазақстан армиясының тәрбиешілер институты осы аралықтағы белсенді қызметі барысында өзінің қажеттілігін толық дәлелдеді. Бұл – еліміз Қарулы Күштерінің құрметті ардагерлерінің, генералдар мен офицерлердің еңбегі. Олар бүкіл қызметі барысында таңдаған кәсібіне адал болып, жеке құрамның тәрбиесімен айналысты.

Тәрбие жұмысының негізгі критерийлерін құра отырып, олар басталған істі жалғастыратын, оқу-тәрбие процесін, мемлекеттік-құқықтық дайындықты басқаратын,

қарамағындағылармен жеке жұмыс жүргізетін лайықты ауысымды тәрбиеледі.

Бүгінгі таңда жеке құрамды тәрбиелеудің барлық бағыттарында жұмыс істеу үшін жеткілікті тиімді механизм құрылды. Тәрбиеші офицерлер кәсіби дайындықтың үлгісін көрсете білді. Олар алдыңғы буынның даңқты дәстүрлерін лайықты жалғастыруда. Мемлекеттік саясат пен қауіпсіздікті қорғаудағы ең маңызды іс – әскери қызметшілерді патриоттық тәрбиелеумен айналысады және жалпыадамзаттық құндылықтарға, Қазақстан халқының ұлттық-тарихи

және әскери дәстүрлеріне негізделген түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Әскери қызметтің беделін арттыруда.

Құрметті тәрбиеші-офицерлер, қадірлі ардагерлер! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Сіздер Қарулы Күштер алдында тұрған міндеттерді орындаудағы ортақ іске лайықты үлес қосатындарыңызға сенімдімін.

Баршаңызға тәрбие жұмысында төзімділік пен табыс, сондай-ақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы еңбекте үлкен жеңістер тілеймін!



# ТӘРБИЕ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ОФИЦЕРЛЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА



**КӘСІБИ МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АСТАНАДАҒЫ ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ӘСКЕРЛЕРДІҢ ОҚУ-ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН МОРАЛЬДЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН, АРДАГЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖАУАПТЫ ОФИЦЕРЛЕР ЖИНАЛДЫ.**

Командирлердің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарлары институтының құрылуы 1993 жылғы 19 қаңтарда ҚР Президентінің Қарулы Күштерге тиісті лауазым енгізу туралы Жарлығының шығуымен байланысты.

Салтанатты жиынға Құрлық әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштерінің, әскери оқу орындарының, тыл және қару-жарақ бастықтары басқармаларының, Қорғаныс министрлігінің Бас инспекциясының, Бас әскери-медициналық басқарманың, Әскери полиция бас басқармасының, Армия орталық спорт клубының, Ақмола өңірлік гарнизонында орналасқан әскери бөлімдердің тәрбие құрылымдары офицерлері және олардың отбасы мүшелері қатысты.

Қатысушыларды Қорғаныс

министрінің орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев мерекемем құттықтап, ардагерлердің дәстүрлерді қалыптастыруға және жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесін атап өтті.

– Идеология және әскери-патриоттық тәрбие, моральдық-психологиялық тұрақтылық пен әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері, ардагерлермен және жастармен жұмыс – бұл сіздер атқаратын міндеттердің негізі ғана. Сіздер әскер ұжымдарын біріктіру, әскери қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, әскери қызметтің имиджін нығайту бойынша үлкен жұмыс жүргізесіздер. Қарулы Күштер ауқымында бірде-бір іс-шара сіздерсіз өтпейді, – деп генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев офицер-тәрбиешілер қызметінің

маңыздылығын атап өтті.

Ол, сондай-ақ, әріптестеріне білім беру құрылымдарының офицерлері қатысатын алдағы іс-шаралар туралы хабардар етті.

– Өткен жылы қазақ халқының даңқты батырлары Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығын атап өттік. Биыл да маңызды шаралар легі көп. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы жақындап келеді. Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың жүз жылдығына орай, ол туған Ақтөбе облысында «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өтеді, – деді Министрдің орынбасары.

Іс-шара ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы дайындаған мерекелік концертпен аяқталды.

# ӘСКЕРИ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ



**Осы аптаның жексенбісі ҚР Қарулы Күштерінің тәрбиешілері үшін ерекше күн. Осыдан отыз екі жыл бұрын 19 қаңтарда Қазақстан Қарулы Күштері тәрбие құрылымдарының офицерлері тәрбиешілерінің институты құрылған еді.**

## СӨЗ БАСЫ

Тәрбие жұмысын жақсарту, әскери тәртіп пен құқық тәртібін нығайту, әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік-құқықтық қорғанысы үшін жауапкершілікті көтеру мақсатында 1993 жылғы 19 қаңтарда

Ел Президентінің №1084 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде командирлердің

(бастықтардың) тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары институты енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған Қазақстан армиясының аз ғана жасақтарының бірі тәрбиешілер құрылымы жеке құрамды оқыту және патриоттық тәрбиелеу жүйесінде маңызды орынға ие болды. Армиядағы өткізілетін тәрбие жұмысының сапасы мен деңгейіне әрқашан да

қатаң талаптар қойылып отырды.

Қарулы Күштердің құрылғанынан кейін жарты жылдан соң командирлердің жеке құраммен жұмыс жөніндегі көмекшілерінің қысқаруы және оның орнына командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары институтының құрылуы Мемлекет басшысының уақтылы және дұрыс шешімі болды.

Көптеген тәрбиеші офицерлер үшін бұл қызметтік іс-әрекетте маңызды сәт болып табылды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы № 1273 қаулысымен «Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар органдары туралы ереже» бекітілді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін әскерлер шын мәнісінде басқарусыз қалды. Сол кезде құқық тәртібі мен әскери тәртіпті орнату басты қадам болды. Осы орайда тәрбие құрылымдарының офицерлері мақсатты жұмыс істеді. Мысалы, әскери ұжымдарды біріктіруде, жеке құрамның ар-намысы мен абыройын қорғауда, әскери қызметтің беделін арттыруда бар күш-жігерін аямады. Соның ішінде, Қарулы Күштердің қалыптасуы мен дамуының ең қиын кезеңдерінде қызмет еткен ардагерлерімізді атап өтпеу мүмкін емес. Олар – өз ісінің майталмандары: генералдар Айтқали Есенғұлов, Марат Нағұманов, Владимир Бондаренко, полковниктер Мэлс Шампиев, Қайыржан Байжігітов, Виктор Тимошенко, Малик Шарипов, Қазбек Мамсұров, Бастеми Дүйсембаев, Болат Нәзіров, Амангелді Ыбыраев, Серікқан Қайрқанов, 1-дәрежелі капитан Көпесбай Жампейісов және тағы басқалары.

«ГРАЖДАНСКАЯ АВИАЦИЯ МЕНЯ НЕ ПРИВЛЕКАЛА. НА МОЙ ВЗГЛЯД, ТОЛЬКО ПОЛЕТЫ НА ИСТРЕБИТЕЛЯХ ДАРЯТ НЕЗАБЫВАЕМЫЕ ОЩУЩЕНИЯ, ЭМОЦИИ И АДРЕНАЛИН».

## ТӘРБИЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аға буын өкілдерінің игі ісін бүгінде тәрбиеші-офицерлер жалғастырып келеді. Олар ақпараттық-тәрбие, идеологиялық, мәдени-демалыс, бұқаралық-спорттық және әскери-әлеуметтік жұмыстарына әскери ұжымды жұмылдыруда күш салып келеді.

Тәрбие құрылымдарының офицерлері командирлермен бірлесе отырып әскери ұжымдағы моральдық-адамгершілік ахуалдың жағдайын жақсарту, әскери қызметтің беделін арттыру, жеке құрамның абыройы мен намысын қорғауды қамтамасыз ету, әскери және құқықтық тәртіпті нығайтуда ауқымды жұмыстар атқарды.

Қазіргі уақытта еліміздің Қарулы Күштерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастырудың біртұтас жүйесі қалыптасқан. Оған күннен-күнге артып келетін әскери қызметтің беделі мен қоғамдағы әскери қызметшілер мамандықтарына деген қызығушылық, сондай-ақ әскери ұжымдардың жоғары жауынгерлік рухы мен ауызбіршілігі дәлел. Алайда тәрбиешілер институты өз дамуын мұнымен тоқтатпайды.

Бүгінгі күнге дейін тәрбие құрылымдары айтарлықтай дамыды. Тәрбие және идеологиялық жұмыстары органдарының құрылымы жетілдіріліп келеді. Қарулы Күштердегі психологиялық және әлеуметтік жұмыстарды жақсарту үшін батальондар мен бригадалар психологы лауазымдары, ал идеологиялық жұмыстарды жандандыру үшін идеологиялық және арнайы үгіт-насихат жұмыстары жөніндегі офицерлер лауазымдары енгізілді. Бүгінгі таңда тәрбие және идеологиялық жұмыс органдары психологиялық, әлеуметтік және әскери-әлеуметтік салаларды, әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмысты ұйымдастыруды қамтитын көпфункционалы құрылымға айналды.

## ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Тәрбиелік жұмыстардағы басым бағыттардың қатарында әскери қызметшілер мен өскелең жас ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесінің де алатын орны орасан. Осы мақсатта еліміздің барлық жалпы білім беретін мекемелерінде жастардың





патриоттық құрылым желісі кеңейтілді. Жастардың Отанға деген махаббаты мен отансүйгіштігін дәлелдеп, өз еліне қызмет етуде және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жан аямай еңбек етіп, жауапкершілік пен бірліктің нағыз үлгісі бола алатын әскери қызметшілер бұл іске белсенді араласты.

Осы орайда Қорғаныс министрлігі әскерге шақыруға дейінгі жастардың патриоттық тәрбиесі жөнінде ауқымды жұмыстарды қолға алды. Әскери қызметшілерге, сондай-ақ әскерге шақырылуға дейінгі жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді жетілдіру мақсатында 2015 жылы Астанада Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы ашылды. Ол – өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу саласындағы жастардың қоғамдық ұйымдарының қызметін үйлестіретін көпфункционалды мекеме. Орталық алғашқы күннен бастап мемлекетіміз бен Қорғаныс министрлігі

басшылығының, әскери бөлім қолбасшылығының, ардагерлер ұйымдары өкілдерінің қатысуымен мазмұны мен пішіні жағынан сан салалы, көлемі жағынан ауқымды патриоттық шараларды өткізіп келеді. Олардың қатарында жастарды әскерге шығарып салу, әскери ант қабылдау және өздерінің жауынгерлік міндеттерін атқарған әскери қызметшілерді ұлықтау, тақырыптық викториналар, акциялар мен конкурстар, Ерлік сабақтары, Ашық есік күндері, Жас армияшы күні, әскери-патриоттық клубтардың республикалық деңгейдегі әртүрлі кеңестері мен слеттері, «Жас ұлан» әскери әндер фестивалін айтуға болады.

Орталық әскери оркестр әскерлер парадына, Армиялық халықаралық ойындарына, сондай-ақ республикамыздағы қоғамдық-маңызды іс-шараларға қатысушы. Сонымен қатар, «Әскери керней», «Труба мира», «Спасская башня»,

«Астана самалы» сынды түрлі деңгейдегі фестивальдарға тұрақты түрде қатысып келеді.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу шаралары әзірленіп, бекітілді. Оның негізінде жастарды Отанды қорғау ісіне тарту жөніндегі іс-шаралардың тұтас кешені ұйымдастырылды. Бұл бағытта өскелең ұрпақты біріктіретін «Жас сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер қозғалысы жетекші рөл атқарады.

Тәрбие құрылымдарының қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылы жандандырылып, ол қоғамның әскерге деген сенімін арттыруға мүмкіндік берді.

Қорғаныс министрлігі жыл сайын қоғамдық маңызы бар іс-шаралар мен «Айбынды әскер» акциясын, әскери мамандар арасында «Әскер тарланы» байқауын, «Сарбаз сахнасы» сарбаз әндері фестивалін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін өткізіп жүр. Бүгінгі

таңда елімізде 8 мыңнан астам әскери-патриоттық клуб, «Жас сарбаз» сыныптары, сондай-ақ «Смарт сарбаз» үйірмелері жұмыс істейді. Оларға әскери-патриоттық қозғалыстың 280 мыңнан астам тәрбиеленушісі жұмылдырылған. Жалпы тәрбие құрылымдары әскердің барлық салаларында елдің қорғаныс қабілетін нығайту үшін тиімді жұмыс жүргізетін Қарулы Күштердің маңызды институты десек болады.

Айта кетейік, Ел Президентінің тапсырмасы бойынша өткен жылдың 24 қарашасында ҚР Үкіметінің Қаулысымен жастарды 2030 жылға дейін әскери-патриоттық тәрбиелеу тұжырымдамасы бекітілді. Онда жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру, осы саладағы ұйымдастырушылар мен мамандардың кәсіби даярлық деңгейін арттыру, әскери-патриоттық тәрбиеде материалдық базаны және ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі шаралар айқындалған.

Рима ӘБЕУОВА

# АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯЛАР КҮШТЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

**ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯЛАР КҮШТЕРІНІҢ ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН 2022 ЖЫЛҒЫ 19 ҚАҢТАРДА ҚҰРЫЛҒАН БОЛАТЫН.**

Әскери құралым елдің қорғаныс қабілетін және әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған. Қажет болған жағдайда АОК-нің бөлімшелері терроризмге қарсы операцияларға қатысады, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы іс-қимыл жасай алады.

Арнайы операциялар

күштерінде жауынгерлік, командирлік даярлықтың жаңа бағдарламалары, сонымен қатар атыс қаруынан, минометтерден және де жауынгерлік техникалардан оқ ату курстары енгізілді. Құжаттар жауынгерлік тәжірибесі бар елдердің арнайы күштерін даярлау жүйесін ескере отырып қайта қаралған.

Жеке құрамның оқу

сапасына, тікелей бағынысты бөлімдер мен Арнайы операциялар күштерінің компоненттерінің үйлесімділігіне баса назар аударылады. Ұшқышсыз ұшу технологияларын қолдануға және осы профильдегі мамандарды даярлауға ерекше назар аударылады.

Арнайы операциялар күштерінің әскери қызметшілері көптеген республикалық және халықаралық оқу-жаттығуларға, қиын климаттық жағдайларда аман қалу, биіктіктен секіру, атыс және тау дайындығы курстарына белсенді қатысады. Қорғаныс

министрлігінің құрама командасының ішінде олар Қазақстанның күштік органдары арасында қоян-қолтық ұрыстан екі дүркін кубок иегерлері, сондай-ақ ТМД-ның үш дүркін және абсолютті чемпиондары болып табылады. Биылғы жарыс қорытындысы бойынша арнайы операциялар күштерінің әскери қызметшілері 83 медаль жеңіп алды.


Арнайы операциялар күштерінің қолбасшылығы кәсіби дайындалған әскери қызметшілердің резервін қалыптастырумен белсенді түрде айналысады. Осы





мақсатта біліктілік сынағы ұйымдастырылды. Оның нәтижелері бойынша 29 әскери қызметші батылдық пен батырлықтың символына айналған күрең қызыл беретті алу құқығына ие болды.

Бүгінде олар Қарулы күштердің Арнайы дайындалған, техникалық жарақтандырылған, жақсы жабдықталған, мемлекеттің мүдделерін қорғау оның қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жөніндегі ең күрделі міндеттерді орындауға дайын құрылым болып табылады.





# ИНЖЕНЕРЛІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

21 қаңтарда Қарулы Күштердің әскери инженерлері кәсіби мерекесін атап өтті.



Инженерлік әскерлер 1993 жылы Қазақстан аумағында орналасқан құрамалар мен бөлімдер негізінде құрылды. Үш жылдан астам уақыт ішінде әскерлерді басқару жүйесінде, олардың құрылымы мен техникалық жабдықтарында айтарлықтай өзгерістер болды.

Инженерлік әскерлердің мамандары позицияларды фортификациялау жабдықтарын жүргізеді, жарылыс қаупі бар заттардан жер бедерін және объектілерді минадан тазартады, су тосқауылдары арқылы



өткелдерді ұйымдастырады, диверсиялық жұмыстарды орындайды, әскерлердің қозғалыс бағыттарын салады, оларды сумен жабдықтаумен, бүркемелеумен айналысады.

Жұмыстың бұл түрлері әскери қызметшілерден мұқият техникалық білімді, тексерілген әрекеттерді, нақты есептеулерді, кейде стандартты емес шешімдерді де талап етеді.

Әскери инженерлер 2024 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде жергілікті тұрғындар мен шаруашылық жүргізуші ұйымдарға айтарлықтай көмек көрсетті. Понтон-көпір паркінің жиынтығынан

Ақтөбе облысындағы Ойыл өзеніне және Солтүстік Қазақстан облысы мен Ақмола облыстарындағы Есіл өзеніне паромдық өткелдер орналастырылды.

Әскери инженерлердің көмегімен су басқан аудандардан үш мыңнан астам адам эвакуацияланды, бір жарым мың бірлік ауылшаруашылық техникасы жеткізілді және 400 тоннадан астам гуманитарлық көмек жеткізілді.

Атырау облысындағы елдімекендерден тасқын суды бұру мақсатында жарылыс жұмыстары жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысында

елдімекендердің тіршілігін қамтамасыз ету үшін ауыр механикаландырылған көпірді қолдана отырып, елдімекендер арасындағы жолдың қираған учаскесінде



көлік қатынасы қалпына келтірілді. Сонымен қатар, Ақмола облысының зардап шеккен елдімекендерін электротехникалық қамтамасыз ету ұйымдастырылды.

Әскерлерде қашықтықтан басқарылатын Робот-саперлер, мина-жарылыс тосқауылдарын ұйымдастыруға және инженерлік барлау жүргізуге арналған техника, жер қазу машиналары, су өндіруге арналған бұрғылау қондырғылары бар.

Білікті мамандармен жабдықталған, заманауи әскери техникамен жарақтанған инженерлік әскерлер бөлімшелері елдің қорғаныс қабілетін және бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді орындауға әрқашан дайын.

# ЕЛ ӘСКЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕК



ӨТКЕН 33 ЖЫЛҒА ЖАҚЫН УАҚЫТ ІШІНДЕ ҚАЗАҚ АРМИЯСЫНЫҢ ҚАЗ ТҰРЫП, НЫҚ ҚАДАМ БАСУЫ ҮШІН АУЫЗ ТОЛТЫРА, МАҚТАНЫП АЙТАРЛЫҚТАЙ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРІ ЕЛМЕН БІРГЕ ЕСЕЙІП, ҚАЛЫПТАСТЫ, ДАМЫДЫ. КҮНДЕЛІКТІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕ ҚАРАЙ ОТЫРЫП, ОНЫҢ БҰЛ КҮНДЕ АЛЫС-ЖАҚЫН ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРІМЕН ИЫҚ ТІРЕСТІРЕ ОТЫРЫП, ҚАРЫШТАП ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНДЫҒЫН КӨРЕМІЗ. ӨТКЕН-КЕТКЕНДІ ОЙ ЕЛЕГІНЕН ӨТКІЗІП, ЗЕРДЕЛЕП ҚАРАСАҚ, СОНАУ 90-ШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДА ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІН ҚҰРУҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСҚАН, ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ҰЛТТЫҚ ӘСКЕР ҚҰРУДЫҢ БЕЛ ОРТАСЫНДА ЖҮРГЕН ГЕНЕРАЛДАР МЕН ОФИЦЕРЛЕРДІҢ, КЕЛІСІМШАРТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫ ДА ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒЫПТЫ. ТІПТІ, ОТАН АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫН ӨТЕГЕН ҚАТАРДАҒЫ САРБАЗДАРДЫҢ ӨЗДЕРІ АЛДЫҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАРЫНЫҢ ӨКШЕЛЕРІН БАСЫПТЫ.



Әлі есімде, әскери құрылымдарда да шешімін күткен проблемалар шаш-етектен асатын. Бірде орта буындағы лауазымда жүрген кәсіби офицердің бірінің: «Қазақстан армиясы өз бетімен күн көре алмайды. Ерте ме, кеш пе, ол бәрібір Ресей армиясына қосылатын болады» деп айтқаны бар. Мен қанша жек көргенмен жаңағы офицер бірнеше жылдар қасымда

жүрді, айтылған сол сөз ұзақ уақытқа дейін санамда сайрап тұрды...  
Өмір дәлелдеген бір шындық – көк туын көкке желбіретіп, тәуелсіздік тұғырына мінген қазақ елінің әскери қызметшілері арасынан да ел таныған командирлер мен қайраткерлердің шығуы, әр деңгейдегі әскери оқу орындарын Қызыл диплом мен Алтын белгіге бітірген

білімдарлардың көбеюі, ҚР-ның еңбек сіңірген әскери қайраткерлерінің, әскери және басқа да ғылым докторлары мен кандидаттарының, профессорлар корпусының қалыптасуы. Олардың кәсіби шеберліктері туралы әңгіме өзінше бір төбе. Бүгінде көк жүзінде қалқыған «арғымақтарды» ауыздықтай білгендердің де, құрлықтағы «соғыс тәңірі» мен «шынжыр

табандыларды» ұршықша иіріп жүргендердің де, аспанда да, жерде де, құрлықта да, көлде де «байланысын» бағындырып жүргендердің өз отандасымыз, оның ішінде өз «қара көзіміз» екенін мақтанышпен айта аламыз.

Қарулы Күштердің қатарында қызмет атқарған сарбаз бен сардарға деген ықыласым мен мақтанышым кеудемді кернейді.







Оларды әрқашан құрмет тұтамын. Өкінішке орай, аға толқынның өмір өнегелері жайында біз білетін азды-көпті ақпараттарды бізден кейінгілер біле бермейді. Ал, білетіндердің әңгімелері әр тұлғалы даналарымыз бен дараларымыздың өмірін толық қамтып жүрген жоқ. Ендеше, осынау жауапкершілігі жоғары, жүгі ауыр бір міндетті шама-шарқым келгенше ұсынып көрейік.

Әрине, Қарулы Күштердің өткен тарихын егжей-тегжейлі

таразылау оңай шаруа емес. Ол – болашақтың ісі және арнайы шығармашылық топтың жұмысы. Менің қолымнан ондай шаруаның келмейтінін атап айтқым келеді. Қазіргі жасап отырғаным соған ұшқын беру ғана. Білгенімді қағазға түсіру арқылы ойымды ортаға сала алсам, Отан қорғаушыларының сапына келген кейінгі толқынға ағалар салған сара жолдардың үлгі-өнегелерін жеткізе алсам, әскери өмірімнің бекер өтпегені.

Әр күн тарихтың парағы десек, ел әскері ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі көп қырлы қызметтің нағыз қайнаған ортасында екенін айтуға тиіспіз. Оның осы уақытқа дейінгі жетістіктері мен алдағы кезеңдерге көздеп отырған мақсат-мұраттары тәуелсіз Қазақстанның атауымен де, есімімен де тікелей байланысты.

1991 жылғы шілде оқиғаларынан кейін КСРО мен оның Қарулы Күштеріне қатысты дағдарыс күшейе түсті. Бір кездегі біртұтас қуатты армия «ыдырай» бастады.

Қазақ КСР-інің Президенті Н.Ә.Назарбаев республиканың тәуелсіздігін, аймақтық тұтастығын, қорғаныстық және басқа да өмірлік маңызды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатымен «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығын (25 қазан 1991 ж) жариялады. Мамандар екі ай ішінде өзара іс-қимылды ұйымдастыру, жұмылдыру және азаматтық қорғаныс мәселелерін шешуге қатысты өте жауапты құжаттарды жүзеге асырды. Ал желтоқсан айының ортасына қарай негізгі лауазымдық тұлғаларды тағайындау жұмыстары жүргізілді.

Бәріміз тарихтан білеміз, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің алғашқы да, соңғы да төрағасы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов Ұлы Отан соғысы кезінде танылған Кеңес Одағының Батыры, әрі жоғары басшылық құрамында болған қолбасшы. Комитет Бас штабының бастығы, әрі төрағаның орынбасары лауазымына полковник (кейін генерал-майор) Сейілбек Алтынбекұлы Алтынбеков, Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі орынбасары лауазымына генерал-майор Николай

Иванович Хлюпин, қорғаныс өндірісі жөніндегі орынбасары лауазымына Михаил Михайлович Сафрыгин, жетекші басқармалар мен бөлімдердің бастықтары болып полковниктер мен подполковниктер Ким Серікбайұлы Серікбаев, Қалижан Қуанышбайұлы Әлжанов, Эмиль Ағыбайұлы Алманиязов, Леонид Исмаилұлы Байжігітов, Николай Егорович Бортников, Абай Бөлекбайұлы Тасболатов, Бақытжан Ертаев, Вячеслав Григорьевич Кобылянский, Мұбарак Орынбеков, Леонид Михайлович Селезнев, Николай Александрович Сухов, Сағитжан Досымұлы Тасмағамбетов, Мэлс Жұманұлы Шәмпиев, Совет Сәуменұлы Тауланов және басқалар тағайындалды. Роллан Қаратаев, Кәрім Әбілғазин, Марлен Тыныбеков, Петр Черкашин сынды тәжірибелі әскери мамандар жаппастан шақырылды. Барлығы да уақытпен санаспай, күндіз-түні әскери қауіпсіздік заңдарына өте көп еңбек сіңірді.

Сол кезде Кеңес Одағының құрамында болған көптеген республикаларда өз территорияларында орналасқан әскери құралымдар мен мекемелерді өз бағынысына ауыстыру туралы құжаттар қабылданып жатты. Азаматтық борышын өтеуге шақырушыларды да өз елдерінде қалдыру туралы шешімдер қабылданды. Осылайша посткеңестік республикаларда көптеген өзгерістер пайда бола бастады.

Қазақ КСР Президентінің «Әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығы (12 қыркүйек, 1991 жыл) әскери мәселелерді мемлекеттік дәрежеде шешудің алғашқы бастамасы болды. Құжатта азаматтарды әскерге және әскери қызметке шақыру тек

республика басшылығының бақылауымен ғана жүзеге асырылатыны көрсетіліп, Әскери комиссариаттарға республикалық органның мәртебесі берілді, әскерге шақырылушыны республика аумағынан тыс жердегі құрылымдар мен ішкі әскерлерге жіберуге тосқауыл қойылды.

Біздің елде де жеке әскери қауіпсіздік туралы заңдар болған жоқ. Әскери доктрина дегенді тек оқыған, көзі ашық кәсіби мамандар ғана білетін. Көптеген құжаттар, соның ішінде алғашқы Әскери доктрина да шұғыл түрде дайындалды. Бұл құжаттарды 1991 жылы полковниктер С.Алтынбеков (жұмыс тобын басқарған), К.Серікбаев, Э.Алманиязов, Қ.Әлжанов, В.Данник, С.Тасмағамбетов, Б.Құдайбергенов, Б.Тәңірбергенов орындады.

Құжаттарға көз жүгіртсек, 1992 жылғы қаңтарда АҚШ-тың жоғары лауазымды мемлекеттік сенеуніктердің Қазақстан еліне келгенін көреміз. АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Р.Бартоломью бастап келген екен. Оларды Мемлекеттік қорғаныс комитеті тарапынан С.Нұрмағамбетов, С.Алтынбеков, К.Серікбаев және С.Тасмағамбетовтер қабылдаған. Бұл екі елдің бір-біріне деген сенімінен гөрі күдігі басым кез еді.

1992 жылғы 19 қаңтардағы Москва кездесуінде ТМД елдерінің өз әскерін құратындығы белгілі болды. Бұдан әрі ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында Қазақстан территориясында қоныстанған ҚК-дің қатары күрт азая бастады. Әскери бөлімдерде Жарғылық тәртіптің сақталмауы белең алды. Әскери қызметшілер арасында қызметін тастап кетіп қалу фактісі көбейді. Ал, мұндай жерде сарбаздардың топ-топ болып әскери бөлімдерді өз

еріктерімен тастап кетуі – заңды құбылыс. Иесіз дүние жүйесіз қала бастады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 7 мамырдағы № 738 Жарлығымен Мемлекеттік қорғаныс комитеті Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды және дәл сол күнгі №745 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды.

Міне, осыдан бастап ел территориясындағы барлық әскери құрылымдар мен бұйымдар ендігі жерде Қазақстан Республикасының заңды мүлкі болып табылатындығы және ҚР ҚК құрамына енгізілетіндігі тайға таңба басқандай етіп көрсетілді. Қорғаныс министрлігіне әскери құрылымдарды қабылдай отырып, оларды басқару жүйесін қамтамасыз ету және жауынгерлік әзірліктерін тиісті жағдайда ұстау тапсырылды. ҚР Үкіметінің келісімінсіз әскери бөлімдер мен мекемелердің тұрақты мекенжайларын ауыстыруға, сондай-ақ техникаларды, қару-жарақтарды, материалдық-техникалық мүліктерді ел



территориясынан шығаруға тыйым салынды. Бұлармен қатар Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетіне әскери құрылымдардың барлық үлестік және қамтамасыз ету сұрақтарын шешу жүктелді. Сөйтіп, егемен еліміздің дүниеге келген өз әскерінің алғашқы қадамы басталды.

Міне, бұл қазіргі таңда аты әлемге танылған тәуелсіз Қазақстанның төл әскерін құрудағы ең маңызды құжат болатын. Демек, бүгінгі таңда ауыз толтыра мақтана айтып жүрген барлық жетістіктеріміз бен табыстарымыз осы бір тарихи күннен бастау алған. Сондықтан оған кеңірек тоқталуға тырыстық.

Сол күні Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке «генерал-полковник» шені беріліп, ол тұңғыш қорғаныс министрі болып тағайындалды. Артынша полковниктер С.С.Тауланов, С.Ж.Ахметов, Қ.И.Байжігітов, Б.Д.Кенжебаев, Л.А.Нагай, М.Ю.Раджибаев, М.О.Орынбаев, подполковник А.Н.Киреевтер тағайындалды. Құрамаларға басшылық жасау генерал-майор

Г.Б.Тимошенко, полковниктер А.П.Безюкевич пен Б.Е.Ертаевқа жүктелді. Бірер күннен кейін негізгі жауапты лауазымдарға генерал-майорлар (кейін армия генералы) М.Қ.Алтынбаев, (кейін генерал-лейтенант) Ф.И.Щербаков, Ю.Ш.Курматов, А.С.Әбдірахманов, полковниктер (кейін генерал-полковник) Ә.Х.Қасымов, (кейін генерал-майорлар) А.Ф.Исенғұлов, С.Ж.Темірбеков, В.Г.Сапсай, Б.М.Берекетов, (кейін авиация генерал-майоры) А.Ш.Васимов, Ж.К.Рыспаев, М.Г.Бареев, А.А.Құсмолдин, В.А.Акулов, т.б. тағайындалды.

Олардың алдында ұшы-қиыры жоқ міндеттер тұрды. Тәуелсіздігін енді ғана алған егемен елдің Қарулы Күштерін құру, оның негізін қалау, жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік дайындықтарын қалыпты жағдайға келтіріп, одан әрі шыңдау сияқты маңызы зор, жауапкершілігі ұшан-теңіз шараларды орындауға аталған азаматтар бел шешіп, білек сыбана кірісті. Бойда бар қабілеттерін сарқа пайдаланып, барлық ауыртпалықтарды көтере білді.



Егер бүгінгі командирлердің алдында белгілі бағыт пен қалыптасқан үрдіс бар десек, олардың алдында тұрған орасан зор міндетті көрінбейтін тұманға немесе ну орманға теңеуге болатын.

Сәл ғана шегініс жасап, жаңа әскердің жаңадан тағайындалған лауазым иелерінің сол күндерін көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Орталықтан беріліп тұрған жасақтау мен жабдықтау, қамтамасыз ету мәселелері бір-ақ күнде тоқтатылды. Лауазым иелері мен командирлер әрі қарайғы қызметтерінің қалай болатынын түсіне алмай естері шықты. Тәжірибе алмасатын ешкім жоқ. Себебі, басқа республикалардағы жағдайлар да дәл осындай күйде болатын.

Тағы бір көрініс әлі есімнен кеткен жоқ.

Отан алдындағы азаматтық борышын біздің республикамызда өтеп жүрген өзге елдің азаматтары, оның ішінде қатардағы жауынгерлер де, офицерлер мен генералдар да қызмет орындарын өз еріктерімен тастап, туған елдеріне кетіп жатты. Сырт елде жүрген отандастарымыз да сондай күй кешті. Әскерде әлімжеттілік өршіп кетті. Тәртіпсіздік белең алды. Әрине, оның барлығының түпкі мәні түсінікті болатын. Сондықтан әскерді басқаруды жоғалтпау үшін және жеке құрамды аман сақтау үшін күнделікті, тіпті сағат сайын қатаң шаралар қабылдауға тура келді. Өзіне жүктелген орасан зор жауапкершілікті жете түсінген генерал-полковник Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов бастаған шоқтығы биік сол топтағы генералдар мен офицерлер шаршауды білмеді, уақытпен санаспады. Бәрі «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», бір ортаға ұйымдаса білді. Бір-бірінің



кемшіліктерінен сабақ алып, бір-бірінің тәжірибелерін толықтырды. Сөйтіп, жаңа әскердің қанаты қатайып, буыны беки бастады.

Ел тағдырын шешетін істер қашанда қазақ елінің болашағы үшін жаны күйетін парасатты, білікті азаматтарға жүктелді. Бұл орайда, сала жұмысына әр жылдары басшылық жасаған Кеңес Одағының Батыры, №1 Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов (1992-1995), генерал-полковник Әлібек Хамидұлы Қасымов (1995-1996), Халық қаһарманы, Армия генералы Мұқтар Қапашұлы Алтынбаев (1996-1999, 2001-2007) Халық қаһарманы, генерал-полковник Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаев (1999-2001), Даниял Кенжетайұлы Ахметов (2007-2009), Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбеков (2009-2014), Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов (2014-2016), генерал-полковник Сәкен Әділханұлы Жасұзақов (2016-2018), генерал-лейтенант Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаев (2018-2021) сияқты тұлғалы азаматтардың есімдері елге танымал болды. Ел әлеуетін арттыруда әрқайсының өзіндік орны бар.

2022 жылғы 19 қаңтардан бері Қорғаныс министрі Руслан Фатихұлы Жақсылықов атқарып келеді. Сала басшысы

өзіне дейінгі қалыптасқан игі дәстүрлерді жоғары абыроймен жалғастырып келеді. Әскердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік дайындығына жіті көңіл бөлінуде, халықаралық іскерлік байланыс одан әрі жоғары деңгейде жалғасуда. Әскери ойындар ауқымы кеңейді. Онымен қатар ардагерлермен жиі кездесіп, келелі мәселелер талқылануда. Қарулы Күштердің барлық құрылымдары заман талабына сай цифрландыру жүйесіне өтуде. Жаңадан аумақтық қорғаныс әскерлері құрылып, запастағы офицер мамандарды даярлайтын әскери кафедралар жұмысына жіті мән берілуде. Сондай-ақ әскери-техникалық мектептерде қуатты құрылымдарға қажетті төменгі сатыдағы мамандарды даярлауға жоғары назар аударылуда.

Қарулы Күштерімізді құрған күннен бастап осы күнге дейін айтып болмайтын орасан зор жұмыстар атқарылды және ол үздіксіз жалғасып келеді. Құдайға тәубе, төрт құбыламызды тұтас түгендедік. Иә, өндірістің басқа салаларымен қатар біз де айлап, жылдап жалақы алмағанбыз. Қазір әрбір тиынымызды өзінің тиісті уақытында аламыз. Әркім өзінің әскери атақ-шеніне байланысты қосымша төлемақы алады. Ұшқыштарымыз уақытында

әуеге көтеріліп, құрлық пен теңіздегі әскерлеріміз жауынгерлік көліктерді жүргізумен тұрақты машықтанады. Жауынгерлік техникалар мен қару-жарақтар уақытында жаңартылып тұрады. Атыс қаруларынан ату жаттығулары немесе химиялық қаруларды пайдаланатын жаттығулар үзбей жүргізіледі. Басқа да толып жатқан жаттығу түрлері оқу кестелеріне сәйкес жүргізіліп жатыр. Басқаша айтқанда, әскеріміздің тұрақты тыныс-тіршілігі өзінің тиісті дәрежесіне көтерілген.

Бұның сыртында әскердің күнделікті тыныс-тіршілігі, олардың үлестік нормалармен қамтамасыз етілуі, жоғары және арнаулы әскери оқу орындарында білім берудің сапасы әдеттегідей бұлжымас жолға қойылған. Бір сөзбен айтқанда, жыл мерзімі мен тәуліктің уақытымен санаспай атқарылған тынымсыз ізденіс пен еңбектің арқасында қоғамдық ұйымдармен, мекемелермен жан-жақты қарым-қатынас қалыптасып, әскердің жаңа бейнесі қалыптасқан. Үздіксіз атқарылып жатқан іс-шараларды қысқаша ғана баяндадық. Бірақ, сол сөздің астарында қаншама маңдай тердің өтемі бар?! Күндіз-түні уақытпен санаспай атқарылған жұмыстар бар?! Оларды бастан өткермеген адамдар түсіне бермейді. Бұл тек айтуға ғана оңай сөздер! Ал, оның астарына үңіле қараған адам көптеген құнды дүниелермен танысары хақ. Өткен әрбір күннің кемеңгер тарихынан алар тағылымымыз мол екеніне мың мәрте көз жеткізетіні шүбәсіз. Бүгінгі бақытты ұрпақ аға толқынның сол еңбектерін ұмытпаса екен, аға толқынның сол еңбектерін бағалай білсе екен дейміз!

Елдік рухымыздың тұғыры биіктей берсін!

Марат ЖҮНІС-БЕК

# «КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ПАТРИОТИЗМ - ПОНЯТИЯ НЕРАЗРЫВНЫЕ»



Наталья Дементьева:

**- Наталья Григорьевна, в начале ноября Вы провели в Актау встречу с родителями призывников и участвовали в мероприятии, организованном в рамках призывной кампании в Мангистауской области, где отмечали актуальность патриотического воспитания подрастающего поколения. По Вашему мнению, что конкретно делается в стране в этом направлении?**

- Да, действительно, по приглашению родителей, от которых получаю немалое количество писем, я приняла участие во встрече и ответила о призывных кампаниях,

то в обществе существуют определенные стереотипы. Нередко можно услышать, что родители выказывают свое недовольство - почему в призывные пункты ребят порой доставляют силой, против их воли, по мнению родственников призывников, увозят не совсем законно, прямо с улицы или из торговых центров.

Я согласна, бывают перегибы на местах, и от социальных сетей не спрячешься, интернет пестрит различными негативными событиями. Мнений в обществе огромное количество, мол, неправильно отлавливать призывников на улице, что они должны осознанно идти в армию.

Но, я считаю, что в

**О ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ И О РОЛИ АРМИИ В ЖИЗНИ МУЖЧИНЫ МЫ ГОВОРИМ С ГОСТЕМ НАШЕЙ РЕДАКЦИИ, КАЗАХСТАНСКИМ ОБЩЕСТВЕННЫМ ДЕЯТЕЛЕМ, ДЕПУТАТОМ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН VII-VIII СОЗЫВОВ НАТАЛЬЕЙ ДЕМЕНТЬЕВОЙ.**

первую очередь осознание необходимости отслужить в армии должно исходить из семьи. Да, в школе и в вузе наши дети получают образование и воспитание. Но, как человек, много лет проработавший в сфере образования, я скажу, что глубокое патриотическое воспитание формируется в семье. И если родители признают необходимость службы Родине не на словах, а на деле, то из юноши получится настоящий патриот. Есть хорошая английская поговорка: «Не пытайтесь воспитывать детей, все равно они будут похожи на вас. Воспитывайте себя!».

Долг Родине - это свято, это обязанность каждого мужчины. Сегодня



некоторые это понятие интерпретируют по-другому. Между тем, служба в армии должна восприниматься как почетное право, как важный шаг в жизни гражданина, это неотъемлемая часть становления любого юноши. О том, правильно ли у нас проходит призывная кампания, можно размышлять много, но необходимость службы в армии неоспорима. Молодые люди должны это осознавать, и в данном случае влияние семьи безусловно.

Если пришла повестка, нужно идти в учреждение по делам обороны, юноши должны понимать, что это в некоторой степени стыдно - бегать и скрываться. Бесспорно, велика ответственность и вышестоящих органов, того же Министерства обороны, которое призвано следить и контролировать правильные взаимоотношения командиров с подчиненными.

С другой стороны, возьмем «гражданку», в гражданской жизни бывают разные случаи, тот же буллинг в школьных коллективах, в соцсетях. Всего этого можно избежать только одним способом - правильно воспитать парня.

Отношение наших ребят к армии зависит от родителей, отец должен говорить с сыном, объяснять, что это необходимо, что там он станет мужчиной, что это школа жизни, что необходимо пройти этот путь. Да, будет сложно, нужно будет терпеть, учиться коммуницировать, отстаивать свою позицию.

**- В сентябре в Астане проходили V Всемирные игры кочевников, и Вы участвовали в церемонии открытия. Еще Бауыржан Момышулы в книге «Дневник командира» отмечал, что в воспитании солдата большую роль**



**играют национальные традиции, в частности такие по сути военно-спортивные игры, как сайыс, аударыспақ, жамбы ату, скачки, борьба. На Ваш взгляд, как можно использовать казахские национальные игры для подготовки молодежи к службе в армии?**

- Я была поражена масштабом и количеством иностранных гостей, туристов и спортсменов, и было от радно, что наша команда была представлена во всех видах. В первую очередь необходимо популяризировать национальные игры. Они ведут к правильному формированию патриотического духа, к интересу к нашей истории. Ведь на самом деле много веков назад предки-кочевники воспитывали молодежь посредством таких забав.

Испокон веков вместе с играми культивировались и национальные ценности нашего народа. Хотелось бы, чтобы в организациях образования больше

популяризировали наше национальное достояние, поскольку в этих играх формируется воинский дух соперничества, взаимовыручки, лидерства, стойкости в борьбе, важные качества, которыми должен обладать будущий солдат, мужчина в конце концов. Поэтому, безусловно, казахские национальные игры выполняют в этом свою ключевую роль.

**- Два года назад Вы принимали участие в первом заседании рабочей группы по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении законодательные акты Республики Казахстан по вопросам военно-патриотического воспитания». В ноябре этого года на очередном пленарном заседании Мажилиса этот законопроект был рассмотрен в первом чтении. О каких новеллах в нем идет речь?**

- Законопроект обширный, он рассматривает в комплексе

формирование и развитие военно-патриотического воспитания на всех этапах, и речь идет не только о работе этой направленности в школе или в детском саду. Внесено огромное количество новелл, в частности рассмотрены условия прохождения воинской службы, различные преференции для военнослужащих, нормы, направленные на развитие военно-патриотического воспитания в школах и вузах. Так, встал вопрос о том, кто преподает начальную военно-техническую подготовку. Пообщавшись с экспертами и представителями Министерства обороны, с учителями-практиками, пришли к выводу, что у учителя «в активе» должно быть прохождение службы в армии. К сожалению, бывает так, что НВТП преподают учителя, не имеющие представления об армейской

ОТНОШЕНИЕ НАШИХ РЕБЯТ К АРМИИ ЗАВИСИТ ОТ РОДИТЕЛЕЙ, ОТЕЦ ДОЛЖЕН ГОВОРИТЬ С СЫНОМ, ОБЪЯСНЯТЬ, ЧТО ЭТО НЕОБХОДИМО, ЧТО ТАМ ОН СТАНЕТ МУЖЧИНОЙ, ЧТО ЭТО ШКОЛА ЖИЗНИ, ЧТО НЕОБХОДИМО ПРОЙТИ ЭТОТ ПУТЬ. ДА, БУДЕТ СЛОЖНО, НУЖНО БУДЕТ ТЕРПЕТЬ, УЧИТЬСЯ КОММУНИЦИРОВАТЬ, ОТСТАИВАТЬ СВОЮ ПОЗИЦИЮ.

службе, грубо говоря, «не ведавшие тягот казарменного быта».

Вносятся другие новшества, в частности для солдат срочной службы предлагается ряд преференций, к примеру, если он был трудоустроен до призыва, за ним сохраняется место, если же обучался на гранте, то стипендия сохраняется, более того, рассматривается возможность исключения отработки этой государственной помощи после окончания службы в армии. Делается все это для того, чтобы служба в армии стала престижной, чтобы молодые люди с желанием шли служить.

Кто-то может сказать, что прежде этого не было, что казахстанцы выполняли свой гражданский долг, не прося ничего взамен. Согласна, раньше было не модно, если молодой человек не отслужил. Думаю, что эту

идеологию необходимо вернуть, поскольку мужчина, отслуживший в войсках, возвращается домой совершенно другим. Он приобретает определенные навыки, у него есть представление о дисциплине, в армии молодой казахстанец становится гражданином, для которого любовь к Родине не простые слова, и патриотизм доказывается на деле.

**- Мы знаем, что Ваш 19-летний сын сегодня проходит срочную службу в Вооруженных Силах. Скажите, почему так важно выполнить свой гражданский долг защитника Отечества, и кто в Вашей семье принял решение о том, что сыну необходимо пройти через армейский быт?**

- Естественно, это решение принималось нами в семье, мы долго размышляли над





этим, то есть, мы пришли к нему не вдруг. Я уже говорила о том, что семья влияет на становление юноши, и на его отношение к призыву, к службе. Конечно, как и любой молодой казахстанец, мой сын слышал стереотипы о службе, мол, о каком долге идет речь. Мы - семья, в которой считается, что мужчина должен отслужить, преодолеть этот путь, пройти мужское становление. Приводили примеры, говорили насколько это важно, что это очень серьезный поступок, шаг принятия собственного решения, что это начало взрослой жизни. Мы настаивали рекомендательно, чтобы сын осознал сам, поэтому когда началась призывная кампания, в принципе, он отнесся спокойно, то есть стресс не испытывал.

Ну и потом настает день, когда парень должен выйти из тени материнского крыла. И несмотря на то, что служат лишь год, армия - это большая

школа жизни, я считаю, этот год многое меняет в сознании. Алихан буквально месяц-полтора находится в армии, и он уже изменился. Я это чувствую, когда говорю с ним по телефону. Сын уже понимает, что он взрослый, что детство закончилось, что он сам принимает решения и осознает ответственность за свои действия.

Меня кто-то поддерживает в обществе, есть и такие, кто осуждает, говорят, что так может поступить только мачеха. Но я глубоко уверена, что учу сына быть самостоятельным, и в будущем он сам будет отвечать за свои поступки, и нести ответственность за свою собственную семью.

**- Наталья Григорьевна, наверняка, не случайно Вы дали такое имя сыну?**

- Да. Имя Алихан мне запало в душу в свое время. Это имя носили известные люди, внесшие значительный вклад в развитие нашей страны, такие как журналист и ученый,

политик и государственный деятель, основатель партии «Алаш» Алихан Бокейханов. И потом, у меня лично сложился материнский стереотип, что буква «А» - это знак лидерства, и имя моего ребенка должно с нее начинаться. И никто в семье не был против.

**- Как Вы считаете, какова роль казахского языка в воспитании патриотизма?**

- Его значение велико, и это опять-таки одна из причин, почему я желала, чтобы мой сын оказался в казахскоязычной среде, каковой является армия. Мне, к примеру, в школьные годы казахский язык давался достаточно легко, я принимала участие в олимпиадах, становилась призером, и на конкурсах республиканского уровня занимала первые места. Потом поступила на факультет казахского языка.

Вместе с этим глубину и сложность языка я прекрасно осознаю. Опять же меня

многие осуждают, мол, это же сложно, но я считаю, что это нормально. И сейчас, когда мы с ним ведем разговор о казахском языке, Алихан говорит, что уже все понимает, хотя порой не всегда может ответить. А это уже большой плюс.

Я по себе знаю, что все начинается с формирования, какой-то даже ломки сознания. Постепенно он начнет говорить какие-то фразы, потом отвечать на казахском, сам того не замечая, и со временем уже не будет никакого языкового барьера. Ведь у многих, кто учит казахский, проблема в языковом барьере, когда он не может говорить, стесняется, боится допустить ошибку.

А что касается ответа на ваш вопрос, в первую очередь это государственный язык, и знание госязыка - обязанность каждого гражданина. Мое личное мнение, казахский язык и патриотизм два неразрывных понятия.

При этом полезно владеть

английским и русским, и для представителей 130 национальностей, проживающих в нашей стране, возможность изучать и развивать свои родной язык и культуру беспрецедентна.

**- Наталья Григорьевна, как у мамы солдата, у Вас уже сложилось представление о солдатском питании в казахстанской армии?**

- Известно, что питание в армии сбалансированное. Это было всегда, и когда служили мой отец и дед. Конечно, любой маме хотелось бы, чтобы дети питались там полноценно. Но на сегодняшний день мы имеем то, что имеем.

В Мажилисе мы уверены, что необходимо повышать стоимость пайка, и мы будем над этим работать. На сегодняшний день пока с Министерством финансов этот вопрос не решен, но он на контроле у депутатов. Поскольку мы считаем, что питание необходимо улучшить. Ведь солдаты ежедневно испытывают немалые физические нагрузки, соответственно, их нужно и кормить. Здоровая армия - это залог нашей стабильности и незыблемости границ государства.

**- В будущем году будет ровно 80 лет Великой Победе над фашизмом. Вклад в нее казахстанцев был очень велик. Как Вы считаете, что необходимо делать для увековечения памяти об истории Второй Мировой войны и о героизме казахстанцев, информирования молодых казахстанцев о подвигах наших дедов и прадедов с целью воспитания новых поколений в духе патриотизма?**

- Безусловно, предстоящая



ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЕ В УЧЕБНИКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ОТВЕДЕНО НЕДОСТАТОЧНО МЕСТА. ЧАСЫ НА ИЗУЧЕНИЕ ВКЛАДА КАЗАХСТАНЦЕВ В ТОЙ ВОЙНЕ НЕОБХОДИМО УВЕЛИЧИВАТЬ. НЕ НАДО БОЯТЬСЯ «ПЕРЕБОРЩИТЬ» С ЭТОЙ ТЕМОЙ, ПОТОМУ ЧТО ТОЛЬКО ЧЕРЕЗ ОБРАЗЫ ГЕРОЕВ-КАЗАХСТАНЦЕВ МЫ СМОЖЕМ ФОРМИРОВАТЬ ПРАВИЛЬНОЕ ОТНОШЕНИЕ К ПОНЯТИЮ ПАТРИОТИЗМА, ЛЮБВИ К РОДИНЕ

юбилейная дата для нас, казахстанцев, очень знаменательна. Наша молодежь должна знать о подвигах своих предков, великих сынов и дочерей Великой степи.

Из Казахстана с населением порядка 6 млн человек на фронт призвали 1 млн 200 тыс. казахстанцев, еще около 200 тыс. служили в это время в армии, в общей сложности это около 20% населения. За годы войны в нашей стране были сформированы 12 стрелковых и 4 кавалерийские дивизии, 7 бригад, 50 отдельных полков. С фронтов Второй Мировой войны не вернулось более 600 тыс. казахстанцев.

Казахстанцы храбро сражались под Москвой, где особенно отличилась 316-я стрелковая дивизия под командованием генерала Панфилова, две дивизии из Казахстана участвовали в обороне и прорыве блокады Ленинграда, наши земляки воевали в Сталинграде, на Курской дуге, в Европе. Рахимжан Кошкарбаев первым достиг стен Рейхстага и водрузил там

знамя Победы. Мы помним имена Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой, Хиуаз Доспановой, Бауыржана Момышулы, Малика Габдулина.

Это те наши предки, подвигами которых мы должны гордиться и на их примерах воспитывать подрастающее поколение. Это опять-таки играет большую роль в формировании патриотического сознания, и я, как преподаватель с огромным педагогическим стажем, считаю большой ошибкой Министерства просвещения то, что Второй Мировой войне в учебниках истории Казахстана отведено недостаточно места. Часы на изучение вклада казахстанцев в той войне необходимо увеличивать. Не надо бояться «переборщить» с этой темой, потому что только через образы героев-казахстанцев мы сможем формировать правильное отношение к понятию патриотизма, любви к Родине. Это очень важно.

**Беседовал  
Дулат МОЛДАБАЕВ**





Осыдан 8 жыл бұрын, 2017 жылғы 13 маусымда халықты, объектілер мен коммуникацияларды қарсыластың әрекеттерінен, диверсиялық және террористік актілерден қорғау міндеттері жүктелген ҚР Қарулы күштерінің аумақтық әскерлері құрылды.



# ЕЛ АУМАҒЫН ҚАУІП-ҚАТЕРДЕН ҚОРҒАЙДЫ

## СӨЗ БАСЫ

Аумақтық әскерлер – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамдас бөлігі. Олардың негізгі міндеттері – елді мекендерді, маңызды объектілер мен коммуникацияларды қорғау және күзету, сондай-ақ жауапкершілік аймағында төтенше немесе соғыс жағдайы режимдерін қолдауға

қатысу. Бейбіт уақытта аумақтық әскерлер қысқартылған штат бойынша аумақтық қорғаныс бригадаларының басқармасы құрамында өңірлік қолбасшылықтардың (ДШӘ) әскери бөлімі (мемлекеттік мекеме) құқығында ұсталады. Жекелеген өңірлерде Қорғаныс министрінің шешімі бойынша аумақтық әскерлердің әскери бөлімдері

негізгі бөлімшелерімен өрістетіліп ұсталады. Аумақтық әскерлердің негізін республикалық маңызы бар барлық облыстар мен қалаларда және Астанада құрылған аумақтық қорғаныс бригадалары құрайды. Өңірлерде құрылған бөлімшелердің кәсіби құрамдас бөлігін бригадалардың командирлері мен әкімнің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері

жөніндегі көмекшілері қамтамасыз етеді. Бұл лауазымдарға әскери қызметте қажетті тәжірибесі бар Қарулы күштердің офицерлері тағайындалады.

## ҚАУІПТІ ЕҢСЕРЕДІ

Қазіргі уақытта аумақтық қорғаныс негізін 20 бригаданың тұратын, «терең резерв» үлгісі бойынша ұсталатын және әрбір облыс орталығында, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент

қалаларында орналасқан аумақтық әскерлер құрайды.

Қиын кезеңде олар билікке халықты эвакуациялауға көмектеседі, объектілер мен коммуникацияларды қарсыластың іс-қимылынан, диверсиялық және террористік актілерден қорғайды және күзетеді, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға қатысады.

Төтенше жағдайлар режимін енгізу және қамтамасыз ету, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою мақсатында аумақтық әскерлерді арнайы өрістету іске асырылады.

Аумақтық әскерлер бөлімшелерінің төтенше жағдай режимінде әрекет етуде айтарлықтай тәжірибе жинақтай алды. Бұл пандемия,

Түркістан облысындағы бөгеттің жарылуы және Қостанай облысындағы орман өрттері кезінде айқын көрінді.

Былтырғы көктемгі су тасқыны кезінде Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында аумақтық қорғаныс бригадаларының әскери қызметшілері бөгеттер салуға, азаматтарды эвакуациялауға, гуманитарлық көмекті жеткізуге қатысты. Ал Маңғыстау облысы аумақтық қорғаныс бригадасының әскери қызметшілері атыраулықтарға көмекке келді. Олар Құлсары қаласындағы бөгетті қалпына келтіруге жұмылдырылды.

Аумақтық қорғаныс бригадаларының жауынгерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олардың күшімен құм салынған қаптардан ұзындығы



10 шақырымнан асатын тосқауылдар тұрғызылды. Бұл жағдайда бөлімшелер үйлесімді әрі тиімді әрекет етуге дайын екенін толық көрсетті.

Аумақтық қорғаныстың басты мақсаты мемлекет қорғанысына бүкіл халықтық сипат беру болып табылады. Одан басқа негізгі

мақсаттарына егемендікті және аумақтық тұтастықты қорғау бойынша мемлекетті әскери ұйымдастыруды арттыру, сондай-ақ ерекше кезеңде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тұрақты жұмыс істеуі үшін жағдай жасау жатады. Қарапайым тілмен айтқанда, дағдарысты жағдайлар туындаған кезде





экономика, инфрақұрылым объектілері және халықтық тұрмыс-тіршілігі тиімді жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

#### ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Жыл сайын аумақтық әскерлердің әлеуеті артып жатыр. Оларды материалдық-техникалық жабдықтау, қажетті инфрақұрылым объектілерін салу және бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аумақтық қорғаныс бригадаларын жасақтауда мерзімді әскери қызметшілер, жоғарғы оқу орындарының әскери кафедрасында оқитын студенттер және әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілермен, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту орталықтарында, жергілікті телеарналарда жүгіртпе жолдарын жариялап, үгіт-насихат жүргізілді. Бүгінгі

күнде аумақтық қорғаныс бригадаларының жасағын сержанттар – 433 адам (70,5 %); қатардағы жауынгерлер – 34,6 (34,6 %) құрайды.

2024 жылғы 26 наурыз бен 5 сәуір кезеңінде ҚР Ұлттық қорғаныс университетінің базасында әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі облыс әкімінің көмекшілерімен, сондай-ақ Құрлық әскерлері

басқармасы Аумақтық әскерлері бас басқармасының офицерлерімен біліктілікті арттыру курстары өткізілді. Барлығы 21 офицер дайындықтан өтті.

Аумақтық қорғаныс бригадаларын материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік кодексінің 54, 55 баптарына сәйкес

жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджет есебінен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі күнге аумақтық қорғаныс бригадаларының материалдық-техникалық қорларымен қамтамасыз етілуі 33,9 % құрайды.

#### ЖАУЫНГЕРЛІК ӨЗІРЛІГІ

Аумақтық әскерлер ірі масштабтағы республикалық оқу-жаттығуларға қатысады,

жергілікті атқарушы органдардың және аумақтық әскерлердің лауазымды адамдары үшін біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады, аумақтық қорғаныс бөлімшелеріне тіркелген әскери міндеттілермен әскери жиындар өткізіледі. Жиындар ҚР ҚК Бас штабының келісуімен облыс және республикалық маңызы бар қалалары әкімдерінің әскери міндеттілермен жиын өткізу туралы қаулысымен бекітіліп, жиын жетекшісі тағайындалып, жергілікті атқарушы органның ұйымдастыруымен жергілікті бюджетінің есебінен болады. Мемлекет, оның ішінде ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабының басшылығы аумақтық әскерлер әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығын қорғау, дағдарысты жағдайларда халықты және аумақты қорғауға көмек көрсету үшін жедел шаралар қолдануы үшін барлық жағдайды жасауда.

ҚР ҚК 2024 жылғы даярлық жоспарына сәйкес аумақтық қорғанысты даярлау шеңберінде аумақтық қорғаныс бригадаларымен 32 тактикалық-арнайы оқу-

жаттығулары өткізілді. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 18,5 % (2023 жылы -27) пайызға ұлғайды. Мысалы, 2024 жылғы оқу-жаттығулардың жоспарына сәйкес объектілерді қорғау бойынша аумақтық қорғаныс әскерлері жедел тактикалық командалық «Бірлестік-2024» (Ақтау қ.) және «Бекет-2024» (Тараз, Павлодар қалаларындағы) арнайы кешенді ведомствоаралық оқу-жаттығуларына қатысты.

Жалпы Қарулы Күштерді даярлау жоспарына сәйкес 2024 оқу жылында жедел, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы бойынша жоспарланған (бірлескен штабтық жаттығулар – 2, жеке штабтық жаттығулар – 2, командалық-штабтық жұмылдыру жаттығулары – 21, тактикалық-арнайы оқу-жаттығулар–32, басқа да іс шаралар – 5 (курстық даярлық – 3, оқу-әдістемелік жиын – 2) (2023 жылы 59,өсім 5,08%) барлығы 62 іс-шара өткізілген.

#### ЖОСПАРДАҒЫ ІС-ШАРА

Аумақтық әскер 2025 жылында да алдына мақсат қойып отыр. Алдымен аумақтық қорғаныстың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіріп, 2024-2028

жылдардағы кешенді жоспар аумақтық қорғанысты дамыту жоспарының іс-шараларын іске асыруды көздеп отыр. Және де аумақтық әскерлер Басқару органдары және бөлімшелерінің Бас штаб, Қарулы Күштер тектерімен, ӨңК және ДШӘ жоспарымен өткізілетін оқу-жаттығуларына қатысу жоспардағы іс. Атап өтер болсақ, 2025 оқу жылына арналған Қарулы Күштердің жоспар даярлығына сәйкес 81 іс-шаралар жоспарланған, жедел, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы (2024 ж - 62, -өсім б). дан бөлек, «БЕКЕТ – 2025» дағдарыстық жағдайларға ден қою бойынша ведомствоаралық топтардың құрамына қатысу жоспарланған (сәуір Ақтөбе обл.Аумқ бр, тамыз Қарағанды обл. Аумқ бр, қыркүйек– ШҚО Аумқ бр).

#### Анықтама:

*жекелей штабтық оқу-жаттығулары – 2, командалық-штабтық оқу-жаттығулары – 5, командалық-штабтық жұмылдыру оқу-жаттығулары – 20, командалық-штабтық жұмылдыру жаттығулары – 20, тактикалық-арнайы оқу-жаттығулары – 30, курстық даярлық - 2, ЖАО*





*төрағаларымен курстық сабақ – 1, оқу-әдістемелік жиындар – 1.*

Аумақтық әскерлерде әскери дайындықтың талап етілетін деңгейін ұстап тұру үшін аумақтық қорғаныс бригадаларына тіркелген әскери міндеттілердің

жиындары мен жаттығулары жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары үшін біліктілікті арттыру курстары мен командалық-штабтық оқу-жаттығулар ұйымдастырылады.

### ЖҮЙЕ ДАМИ БЕРМЕК

Мемлекеттің аумақтық қорғаныс жүйесін жетілдіру мемлекеттің әскери және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы стратегиялық бағдарламалық құжаттарда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан – бәріміз және



әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында өзектендірілген.

Қазіргі уақытта аумақтық қорғаныс жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында "Аумақтық қорғаныс туралы" жеке Заң қабылдау мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Ол заңда оның құқықтық негізін, дайындау және жүргізу қағидадарын айқындау, сондай-ақ жауапкершілікті күшейту және уәкілеттілікті бекіту жоспарлануда. Бұл аумақтық қорғаныс жүйесіне тиісті қаржыландыру

көлемдерімен бекітілген, мемлекеттік сектордың жеке саласы форматын беруге мүмкіндік береді.

Мысалы, Аумақтық қорғаныс департаменті 2023 жылы нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру бойынша айтарлықтай жұмыс атқарды. Парламент Мәжілісінің алты комитетінде оң қорытынды алған аумақтық қорғаныс туралы заң жобалары мен ілеспе заңға тәуелді актілер әзірленді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде Қорғаныс

министрлігі 2024-2028 жылдарға арналған аумақтық қорғанысты дамыту жөніндегі кешенді жоспарды әзірлеп, ҚР Үкіметінің қаулысымен 2023 жылдың 15 желтоқсанында бекітілді. Және де әкімдіктер құрылымында бірыңғай

жұмыс органы – «жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын» құру мақұлданды.

**Рима ӘБЕУОВА**

**P.S.** *Бүгінгі таңда аумақтық қорғаныс әскерлерін дамыту Қарулы күштердің жауынгерлік әлеуетін арттырудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұған Ел Президенті – Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше мән беріп отыр. Алда аумақтық қорғаныс жүйесін жетілдіру, сондай-ақ аумақтық әскерлердің қызметтік-жауынгерлік қызметі тәсілдерін жаңғырту бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұр.*



# ЕЛІНІҢ НАҒЫЗ ЕРЖҮРЕК ЕРІ

**АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ, ЗАПАСТАҒЫ ПОЛКОВНИК АМАНГЕЛДІ ЖАНТАСОВ АҒАМЫЗ 70 ЖАСТА. БІР СӘТКЕ ТЫНЫҒЫП, АМАНГЕЛДІ АҒАМЫЗДЫҢ ЖАЗҒАН «ЖАРТАСТЫ ЖАСТАНҒАН ЖАСАҚ» АТТЫ КІТАБЫН ПАРАҚТАП ЖАТҚАН ЕДІМ. КІТАПТЫҢ БАСЫНАН БАСТАП, ҚЫРҚЫНШЫ БЕТІНЕ ЖЕТКЕНІМДЕ МЫНА БІР ЖАЗЫЛҒАН, ЖАН ТЕБІРЕНТЕР СӨЗДЕРДЕН КӨЗДЕРІМДІ АЛА АЛМАЙ КӨП ОТЫРДЫМ:**

«Евразия kz» газетіне 2005 жылдың 21 қазан күні берген сұхбатында: «Қорқынышты болған кездер болды ма?» деген сұраққа Борис Төкенұлы: «Соғыста қорықпайтын адамдар болмайды, бірақ мен өзім үш нәрседен қатты қорықтым. Біріншісі, тұтқынға түсуден. Екіншісі, тұтқынға түскен жағдайда дәрі-дәрмектің әсерімен әскери құпияны айтып қоюым әбден мүмкін болғандықтан. Үшіншісі, және мен үшін ең қорқыныштысы, егер шайқас үстінде менің командир ретінде білімім, кәсіби шеберлігім немесе батылдығым мен табандылығым жетпегендігінен қоластымдағы сарбаздарым өліп жатқаны. Сондықтан да мен әр қақтығысты, кішкене ғана болсын әрбір әскери операцияны мұқият түрде жоспардап отырдым», - деп жауап беріпті.

Бұл жердегі берілген

сұрақтарға орынды жауап беріп отырған Борис Төкенұлы дегенімізді кім екенін айтпаса да жазбай танымыз..... Әйткені, Ауған Демократиялық Республикасындағы 10 жылға созылған соғыстың басты қаһармандарының

бірі, Панджер шатқалындағы шайқаста бас тартпаған, «қара майор» деген атпен танылған Борис Керімбаев деген әскери басшы осы адам. Ал, бүгінгі күнде мерейтойлық 70 жасқа толып отырған ауған соғысының ардагері, запастағы полковник Амангелді Теміржанұлы Жантасов әскери басшы Борис Төкенұлы басқарған Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрамында, алыс Ауғанстан еліндегі ауыр да алып айқастарға қатысты.

Даңқты қолбасшы, халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Батыр – батыр емес, батырларды бастаған



батыр» - деп, бекер айтпаса керек. Қарамағында Амангелді Жантасов сияқты бірнеше батырлары бар ержүрек батыр Борис Керімбаев жауынгерлері ауған соғысында жан беріп, жан алысқандары анық. 1980 жылдың қысқы қаңтар айында Алматы облысының қазіргі



Қонаев қаласында құрылған, «қара майор» - Борис Төкенұлы басқарған атақты «мұсылман батальоны» 1981 жылдың қазан айынан бастап, 1989 жылдың ақпанына дейін Кеңес әскерінің Ауғанстандағы шектелген контингенті құрамында түрлі шайқастарға қатысады.

«Жартасты жастанған жасақ» атты кітабында Амангелді Теміржанұлы соғысқа дайындалған күндерін былайша еске алады:

«Сержанттардың дайындығына көп көңіл бөлдік. Қол астындағы жеке құрамды оқыту формалары, прицптері, әдістерінен бастап асықпай, қадамдап, соғыс дайындығы пәндерін оқытуға кірістік. Тактикалық дайындық барлау дайындығымен араласып-сабақтасып жатты. Торуылда жүру, жасырын тосқауылдау, ізденіске шығу, жаудың объектілерін құрту немесе басып алуға үйрету де тыс қалған жоқ. Атыс дайындығы кезеңінде нысаналарды барлау, оларды атып түсіру үшін керекті деректерді айқындауды білу, бөлімшенің атысын басқаруды да үйретіп шығардық. Маңызы мол пәндердің бірі инженерлік дайындық болды, мұнда жарылғыш жаттар, жарылыс жасайтын нәрселер мен зарядтар, шетелдік әскерлердің миналары, әртүрлі инженерлік тосқауылдарды орнықтыру және олардан өту әдістері үйретілді. Тұрған орнында болар шайқас мақсатында дұрыс бағалау, жүрген жерді картадан мүдірмей табу, маңайыңның дұрыс сызбасын жасау, топографиялық картаны оқи білу үшін әскери топографияның да маңызы мол болатын. Жалықпай, сан рет қайталаумен, соғыс машиналарының механик-жүргізушілері және оператор-жөндеушілерімен де сабақтар болып жатты. Оларды соғыс



даласында болуы ықтимал жағдайлардан шығуды үйретуге тырыстық».

Осылайша, жауынгерлік дайындықта шыңдалған «мұсылман батальонының» жауынгерлері қарсы келген дұшпанынан тайсалмайды. 177-ші арнайы мақсаттағы жасақтың жеке құрамы Ауғанстанның Панджер шатқалындағы Ахмад Шах Масуд бастаған моджахеттерге қарсы шайқастарда ерекше қарсылық танытады. Амангелді ағамыз соғыстың сол бір қиын күндерін бүгінгі күнде: « «Панджер арыстаны» деген атпен танымал Ахмад Шах Масуд қолына Құран кітабын ұстап тұрып, бір айдың ішінде бізді тау шатқалдарынан қуып шығуға уәде берген



екен. Алайда, «мұсылман батальонының» жауынгерлері оның берген уәдесіне қарамастан, моджахеттерге асқан қарсылық білдіреді. Арнайы жасақ бөлімшелері биік шатқалға тиесілі биік жерлерді басып алып, жаудың емін-еркін қимылдауына ешбір мүмкіндік қалдырмайды. Моджахеттердің басшысы Ахмад Шах Масудтың өзі Кеңес әскерлері жауынгерлерінің қолына түсіп қалудан қауіптеніп, күн сайын жатар орнын өзгертіп тұруға мәжбүр болған екен» - деп еске алады.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрамында қызмет атқарған Амангелді Теміржанұлы Жантасов 1955 жылы 26 қаңтар күні қазіргі Ақмола облысының орталығы болып саналатын Көкшетау қаласында дүниеге келген. 1963 жылы Көкшетау қаласының № 9 орта мектебінің табалдырығын аттап, онжылдықты 1973 жылы тәмамдайды. 1974 жылдың көктемінде Көкшетау қалалық әскери комиссариатымен

Қарулы Күштер қатарына шақырылады. Әскери қызметті қатардағы жауынгер ретінде Жамбыл облысына қарасты Отар станциясындағы оқыту мотоатқыштар полкінде бастайды. 1975-1979 жылдар аралығында Ресей Федерациясының Новосибирск қаласындағы жоғарғы жалпыәскерлік әскери-саяси училищеде өте жақсы оқып, аталған әскери оқу орнын Қызыл Дипломмен бітіріп шығады.

Училищеден кейін Орта Азиялық әскери округтің әскери бөлімдерінде қызмет етеді. 1981 жылдың қазан айында әскери қызметті одан әрі жалғастыруға Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрамында Ауған Демократиялық Республикасына рота командирінің саяси жұмыстары бойынша орынбасары лауазымында аттанады. Ауғанстаннан елге аман-есен оралған соң, Амангелді Теміржанұлы Ресей Федерациясы жеріндегі Одесса әскери





Амангелді Теміржанұлы Жантасов запасқа шығады.

Әскери қызметтен запасқа шыққанымен, Амангелді Теміржанұлы күні бүгінге дейін түрлі салада еңбек етіп келеді. 2004 жылы Қарағанды қаласының Төтенше жағдайлар басқармасын басқарса, 2006 жылдың ақпанында Қарағанды облыстық Ішкі істер Департаментінің ақпараттық-қызметтің жүргізуші маманы болып тағайындалады.

округіне қарасты Николаев пен Одесса қалаларындағы әскери бөлімдерде, Варшава Шарты ұйымына сәйкес, Кеңес әскерлерінің Польша еліндегі «Солтүстік әскерлер топтастығы» құрамында қызмет етеді. 1990-1997 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының бірқатар әскери комиссариаттарында түрлі қызмет атқарады. 1997 жылы Қарағанды облысы әскери комиссарының орынбасары лауазымынан Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында орналасқан 78-ші танк дивизиясы командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалады. Одан кейін 1-ші армия корпусы командирінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары



лауазымдарын абыроймен атқарып шығады. 2002 жылы әскери қызметінің міндетті мерзімі аяқталуына байланысты, полковник

2006 жылдың мамырында «Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік программалары» мемлекеттік мекемесі



бастығының орынбасары болып бекітілсе, 2006 жылдың шілдесінде Қарағанды облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, ескерту ұйымдары мен апаттан құтқару және апаттық жағдайлар бойынша Басқарманың жұмылдыру дайындығы бойынша бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Ғылыми-экономикалық министрлігінің арнайы программалары Орталығының директоры болып сайланса, 2019-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери-техникалық мектебінің Қарағанды қаласындағы филиалының директоры болып қызмет атқарады. 2024 жылдың қаңтарынан бастап бүгінгі күнге дейін Қарағанды облыстық Қорғаныс істері жөніндегі Департаментінде тексеруші қызметінде тынбай еңбек етіп келеді.

Үйленген, 2 баланың әкесі. Отбасында Амангелді ағамыз жұбайы Баян Зейнуллиновнамен бірге жұптары жарасып, тату-тәтті өмір сүріп келеді.




Амангелді Теміржанұлы Жантасов Кеңес Одағының «Қызыл Жұлдыз» ордені мен Қазақстан Республикасының

«Құрмет» орденінің иегері. Ауғанстан Демократиялық Республикасының «Алғыс айтушы ауған халқынан»



медалі табыс етілген. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 10 жыл, 20 жыл, 25 жыл және 30 жыл, сондай-ақ «Астанаға 20 жыл» медальдарымен марапатталған. Қазақстан



Республикасы Қорғаныс министрінің «Ел қорғаны» медалін кеудесіне тақса, бірнеше «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін» медальдарының иегері атанады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрметті ардагері. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстанның әскери ғылым Академиясының Құрметті мүшесі, «Ауылым – алтын бесігім!», «Отряд Қара майора»,


«Жартасты жастанған жасақ», «Второй мусылманский (спецназ из Казахстана)» кітаптарының авторы.

Ардагер ағаларымыз, әрине әр кез алдымыздағы ақылшымыз. Отан үшін қызмет етіп жүрген барлық санаттағы әскери қызметшілерге түзу жол көрсететін үлкендеріміз баршылық. Солардың бірі – ғұмырының басым көпшілігін әскери өмірге арнап келе жатқан Амангелді ағамыз. Жастайынан әскери адам болу арманына жеткенімен, жасындай жарқылдаған шағында алыс Ауғанстан еліндегі соғысқа тап болып, қанды қырғыннан аман-есен елге оралғаны көңілімізге қуаныш ұялатады. Бүгінгі күнде мерейтойлық 70 жасқа келіп жеткен ақылшымыз, ардагер аға, ауған соғысының ардагері Амангелді Теміржанұлы ағамызға айтарымыз өміріңіз ұзақ, денсаулығыңыз мықты болсын! Сізге өмірдегі бар жақсылықты тілейміз!

**Тілек КЕНЖЕБЕКОВ**  
Қазақстан Республикасы  
Қарулы күштерінің ардагері  
Фотосуреттерді өңдеп  
дайындаған  
Думан ҚҰРМАНҒАЛИЕВ



## Әлия РАҚЫМЖАНҚЫЗЫ:



# «БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМ БАҚЫТТЫ ӨТТІ»

**БІЗ СҰХБАТТАСҚАН КЕЙІПКЕРДІҢ ӘКЕСІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРТУАР БАТЫРЫ. РЕЙХСТАГХА ТУ ТІККЕН ТҰЛҒАНЫ КЕШЕГІ, БҮГІНГІ ҰРПАҚ БІЛМЕУІ МҮМКІН ЕМЕС. ОЛ, ӘРИНЕ, РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ. ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙЫН ЕЛ БОЛЫП АТАП ӨТІП ЖАТҚАН ТҰСТА СӘТІН САЛЫП, ҰЛЫ АДАМНЫҢ ҰРПАҒЫ ӘЛИЯ РАҚЫМЖАНҚЫЗЫМЕН ТІЛДЕСКЕН ЕДІК. ӘЛИЯ ҚОШҚАРБАЕВА К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕПТЕ ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН ДӘРИС БЕРЕДІ. ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛҒА ЖУЫҚ ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАН САҒЫНЫШПЕН БАЛА КҮНІН ЕСКЕ АЛДЫ.**

**– Әлия Рақымжанқызы, ұлы адамның ұрпағы болу бақыты сізге бұйырған екен. Әкеңіз қандай жан еді? Бала күніңіз қалай өтті?**

– Әкем өте ашық-жарқын адам болатын. Балаларды жанындай жақсы көрді. Өте балажан еді. Жалғыз қызы болғандықтан ерке өстім. Қалауымды орындады. Балалық шақтың бал дәмін таттым. Бақытты өмір сүрдім. Әкемнің арқасында пионерлік жолдамамен КСРО-ны араладым. Ел көрдім, жер көрдім.

Ата-анам менің бетімнен қақпады. Емін-еркін өстім. Батырдың қызы болған соң жауапкершілік жүгі түскен емес. Әр нәрсені байыппен бағдарладым. Сенімді болдым. Мінез жағынан әкеме тартқанмын. Анам да тәрбиеден кенде қылмады. Анам Рахила Сейтахметқызы

Яхина ауылшаруашылық институтында өсімдік шаруашылығы кафедрасының доценті болып жұмыс істеді. Терең білімді. Қаталдығы да бар. Дегенмен, тәрбиесінен осал болған жоқпын. Әке-шешем барында ешкімнен кем болмадым.

**– Төрт құбылам тең болды дейсіз ғой. Керісінше, әкеңіз анасынан, әкесінен ерте айрылып, жетімектің күнін кешкенін естеліктерінен білеміз...**

– Иә, ол кісі әке-шешесінен ерте айырылып, жетім қалды. Балалық шағын балалар үйінде өткізді. Атамыз репрессияға ұшыраған. Әкеміз оның 5 жасында қайтыс болып кеткен.

Соғысқа ерте жастан атанды. Жаяу әскер училищесін бітіріп, взвод

басқарды. Взводында 57-58 жастағы кісілер де болған екен. Польшаны азат ету кезінде егде жастағы сондай адамның бірі әкемді оқтан қорғап: «Сен әлі жассың, мен көрерімді көргенмін. Саған өмір сүру керек», - депті. Осылайша әкемнің өмірін құтқарып қалған екен. Ол заманның адамдары осындай ерлікке барыпты.

**– Әкеңіз – қазақ халқы үшін біртуар тұлға. Көзі тірісінде аралас-құралас болған адамдар есіңізде болар...**

– Иә, әкемнің достары көп болды. Бауыржан Момышұлынан бастап, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Асанәлі Әшімов, Ғабит Мүсірепов секілді ел алдында беделі зор, білімді кісілер есімде.

Әсіресе, әкем «Алма-Ата» қонақүйінің директорлығы қызметін атқарған жылдар жадымда жатталып қалыпты. Ол жылдары «Алма-Ата» Алматы қаласының орталық ауданында орналасқан орталық қонақүй еді. Елге танымал тұлғалар тоқтайтын. Сол кезде әкеммен біраз адам араласты. Оның үстіне үйіміз Ленин-Калинин көшесінде орналасты. Сол себепті қонақтарға есігіміз ашық болды. Анам дастарханын жайнатып қоятын. Үйімізден қонақ үзілмейтін еді. Өкінішке қарай, өзі сияқты көзкөрген көп достары бұл өмірден өтті. Бірақ мен сол кісілердің



балаларымен, немерелерімен араласып тұрамын.

**– Әкеңіз дер кезінде мойындалмады. Қиындықтары болған деседі.**

– Ол кісі қиындыққа дес бермеді, төтеп берді. Іштей уайымдаған шығар, бірақ онысын білдірмеді. Ол жайында тіпті тіс жармайтын. Ол өмірге құштар еді. Оптимистік көзқарасы болды. Өмірді сүре білді. Сол себепті мойымады.

Әкем 37 жылдан астам «Алма-Ата» қонақүйінің директоры болып жұмыс істеді. Әлемнің әр жерінен келген белгілі адамдарды құшақ жая қарсы алды. Жаны жайдары, көңілі шуаққа бөлгенді. Соғыстан кейінгі өмірі бақытты болды.

**– 2007 жылы Ресей билігі ресми түрде әкеңізді, яғни, Рақымжан Қошқарбаевты Рейхстагқа ту тіккен қазақ**



**батыры екенін мойындады.**

– Шындық шыңырауда жатпайды. Рейхстагқа Жеңіс туын бірінші болып тіккен кім екендігі туралы шындықты араға 62 жыл салып, ресми түрде мойындады. Осылайша, тарихи әділдік орнады. Оған бізбен бірге барша халық қуанды. Төбем көкке жеткендей болды. Қатты қуандым.

Өзі еш уақытта «ерлік жасадым» деп кеудесін ұрмаған адам. Қарапайым болды. Маған бірде: «сол күнге мен жетпеспін, бірақ сен соны көресің» деп айтқан еді.

Бүгінде оның ерлігі бәріне аян. Мектеп оқулықтарына енген. Газет-журналдарда жарияланған жазбалар бар. Тарихшылар, қаламгерлер де қалам тербеп жүр. Әкем туралы тарихи деректер ҚР Орталық мұрағатта, еліміздің барлық музей қорында сақталған. Елі барда ері ешқашан ұмытылмайтынына көзім жетті.

**– Айтпақшы, сіздің өзіңіздің мұрағатыңызда әкеңізбен түскен сурет жалғыз ғана екен...**

– Иә, өкінішке қарай, жалғыз фото ғана бар. Оқушы күнімде түскен едім. Сол уақытта мұның бәрі тарихта қалады-ау деп ойламаппын.

Біз бүгінгі күнмен санасып өмір сүреміз. Жоғары сыныптарда оқып жүргенімде

фотоға түскен емеспіз. Балаларыммен де бірге түскен суретіміз жоқ. Әкем мені ылғи да олардың өз өмірі, менің өз өмірім бар деп үйрететін. «Тарих, әрине, менімен байланысты болады. Бірақ сен өз өміріңде өзіңді бейнелей білуің керек» дейтін еді.

**– Батырдың бүгінгі ұрпағы хақында білгіміз келеді...**

– Менің екі балам бар. Үлкенім Дәурен Қошқарбаев Alash Media Group компаниясының серіктестік бөлімін басқарады. Жақында ол атасының ғасырлық мерейтойы құрметіне орай Ақтөбеде өткен іс-шараға барып қатысып келді. Кенжем Данияр Шайкенов – 25 жаста. Ол Нестле компаниясында талдаушы (аналитик) боп қызмет атқарады.

Өзім, міне, білім саласында 25 жыл бойы тер төгіп келемін. К.Байсейітова атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған музыка мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін. Елім еңбегімді елеп, мені Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері деген атаққа лайықты деп таныды. Сонымен қоса, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегерімін.

Сөз соңында айтарым, биыл елімізде Қошқарбаевтың, Нұрмағамбетовтің, Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына орай республика бойынша іс-шаралар өтіп жатыр. Әкемнің мерейтойын ресми түрде тойлап жатқан халқыма алғыстан басқа айтарым жоқ. Ризамын. Біз де, әрине, отбасы ретінде оны өзіміз тойлайтын боламыз.

**– Уақыт тауып, тілдескеніңізге рахмет! Аман болыңыз!**

**Сұхбаттасқан  
Рима ӘБЕУОВА**



# ПЕРВЫЕ ПОКОРИТЕЛИ МОРЕЙ

**ЭПОХА ВЕЛИКИХ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ОТКРЫТИЙ В XIII-XIV ВЕКАХ ОЗНАМЕНОВАЛА НОВУЮ ЭРУ РАЗВИТИЯ ТОРГОВЛИ МЕЖДУ НОВЫМ И СТАРЫМ СВЕТОМ. В СВЯЗИ С ЭТИМ ТРЕБОВАЛОСЬ ОБЕСПЕЧИТЬ ТОРГОВЫЕ СУДА, НАГРУЖЕННЫЕ ТОВАРАМИ, ВОЕННЫМ СОПРОВОЖДЕНИЕМ. ИМЕННО ЭТОТ ПЕРИОД СЧИТАЕТСЯ НАЧАЛОМ СТАНОВЛЕНИЯ ВОЕННОГО КОРАБЛЕСТРОЕНИЯ.**

В эпоху Великих географических открытий основная борьба на море шла между Великобританией и Испанией. Судостроители этих двух стран соревновались в инженерной области кораблестроения, сооружая все более современных морских гигантов, одним из которых стал британский корабль «Грейт Гари» (Great Garry).

Данный корабль был построен по приказу короля Генриха VIII в 1542 году. Его оснастка включала два прямых нижних паруса, марселей и брамселей, размещенных на двух

задних мачтах. Кормовая надстройка состояла из двух уровней: квартердека и полюта. У кормы имелись два ряда пушечных портов для бортовых орудий. Корпус корабля сужен к главной кормовой палубе, что согласно старой оборонительной концепции затрудняет противнику взятие судна на бордаж. Позже судно переоборудовали и усовершенствовали.

До начала масштабной модернизации военного судостроения орудия располагались под открытым небом. Однако судно «Грейт Гари» было одним из первых,



в бортаже которого были проделаны специальные пушечные порты. Данные орудия, размещавшиеся на нижних палубах, были гораздо большего калибра. Палубы, на которых располагались орудия, стали называться «деками» или «батарейнными палубами». Соответственно, корабли, имеющие две батареи палубы стали называться «двухдечными».

Разделение кораблей на одну или несколько батарейных палуб привело к революции в области кораблестроения. Трехдечные корабли (корабли, имеющие три батареи палубы) имели на борту большое количество орудий, нежели однодечное судно. Кроме того, существенно увеличились и размеры кораблей. Это обстоятельство связано с увеличением остойчивости корабля, на борту которого располагалось несколько десятков орудий.

Увеличение длины и

ширины судов оказывало непосредственное влияние на его скорость. Параллельно судостроители увеличивали общую площадь судна, расширяя корабельные палубы, каюты и корабельные помещения. В итоге к началу XVII столетия кораблестроители всего мира существенно увеличили размеры судов, столкнувшись, таким образом, с новым вызовом. Увеличив водоизмещение, инженеры всячески пытались нарастить огневую мощь. Было ясно, что увеличивать размеры судна до бесконечности становится невозможным. В то же время нельзя было уменьшать орудийную мощь. Поэтому инженерам-кораблестроителям было важно создать новые более мощные корабли.

Весь XVII век прошел под знаком борьбы английской и голландской судостроительных школ. Для Голландии, только получившей независимость,

?

было важно налаживать торговые морские связи, создавая новые корабли. Именно голландские судостроители первыми пошли на радикальное увеличение длины корабля, добившись увеличения скорости и мореходности. Для увеличения прочности корабля голландцы начали устанавливать шпангоуты на небольшом расстоянии друг от друга, а мачты делали двойными. Корабельная конструкция подкреплялась горизонтальными и вертикальными кнехтами. Корпус корабля голландские мастера изготавливали из дубовой древесины (для изготовления одного корабля требовалось около двух тысяч деревьев).

При обработке древесины тщательно соблюдалась определенная технология деревообработки. Судостроители тщательно следили за тем, чтобы форма волокон соответствовала изгибу вырезаемых деталей, которая при такой обработке становилась более долговечной. Деревянную обшивку кораблей закрепляли только гвоздями из древесины, так как железные гвозди моментально ржавели в морской воде. Для защиты от жуков-древоточцев нижнюю часть корабля обшивали тонкими досками из вяза.

Голландские мастера проделали большую работу по облегчению жизни рядовых матросов. Например, для поднятия якоря стали использовать специальную кат-балку, а для откачивания накопившейся воды из трюма стали применять помпы. К тому же, благодаря их усилиям, вся тяжелая артиллерия размещалась на нижних деках.

Начало XIX века было ознаменовано



промышленной революцией, которая также отразилась на мировом военном судостроении. Благодаря работе инженеров-судостроителей были минимизированы основные риски, главным из которых был пожар. Во времена предшествовавших столетий корабли изготавливали из дерева, и бороться с возникшим огнем на борту было очень затруднительно. Кроме того, данное столетие стало первым, в котором проходили полномасштабные морские сражения.

Во времена Крымской войны при осаде крепости Кинбурн на Черном море французы использовали необычные плавучие батареи, прикрытые панцирем толщиной 10 см. Также французские судостроители первыми применили технологию «железной брони», заковав военные суда в сталь. Первым из подобных кораблей стал линкор «Ля Глуар», имевший одну батарейную палубу, на которой располагалось 36 новейших орудий с повышенной дальностью стрельбы.

Параллельно военная промышленность Великобритании ввела в эксплуатацию броненосцы собственного производства, построенные из железа.

Для более эффективного



бою крейсерам должны были вести артиллерийскую дуэль с противником и отражать атаки противника. Данный класс кораблей имеет несколько подклассов: легкие – служили разведкой перед эскадрой; бронепалубные – имели специальную броню, по форме напоминающую панцирь черепахи; линейные крейсера.

Прошлой столетие поистине считается передовым в области мирового кораблестроения. Корабли стали напоминать настоящие «плавающие города», начиненные сверхмощным вооружением, радиосвязью, а также способные существовать в автономном режиме в течение многих месяцев. Появляются новые классы кораблей, к примеру, авианосцы, способные нести на своем борту мощные бомбардировщики.

После окончания Второй мировой войны лидером в области мирового военного судостроительства становятся США. Именно там прошла революция, позволившая вывести защиту морских границ на новый уровень.

В наши дни современные корабли оснащены новейшими баллистическими ракетами и силами ПВО, способными защитить морское побережье в любой ситуации.

**Нариман ДЮСЕНОВ**





# В ТЫЛУ ВРАГА

**В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ КАЗАХСТАНЦЫ ОТВАЖНО СРАЖАЛИСЬ НА ВСЕХ ФРОНТАХ, В НЕБЕ И НА МОРЕ. ОДНАКО БЫЛ ЕЩЕ ОДИН ФРОНТ, О КОТОРОМ ИЗВЕСТНО НЕ ТАК МНОГО, ПОТОМУ ЧТО ЕГО УЧАСТНИКИ НАХОДИЛИСЬ ГЛУБОКО В ТЫЛУ ВРАГА, НАРУШАЯ ВРАЖЕСКИЕ КОММУНИКАЦИИ, СЕЯ ПАНИКУ И РАЗРУШЕНИЯ НЕПОСРЕДСТВЕННО В РАСПОЛОЖЕНИИ ФАШИСТСКИХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ. ОДНИМ ИЗ САМЫХ ПРОСЛАВЛЕННЫХ ПАРТИЗАН СОВЕТСКОГО СОЮЗА, ЗАСЛУЖИВШИХ ВЫСОКИЕ ПОЧЕСТИ И БЛАГОДАРНОСТЬ НАРОДА, СТАЛ НАШ СООТЕЧЕСТВЕННИК КАСЫМ КАЙСЕНОВ.**

Поселок Асубулак Уланского района Восточно-Казахстанской области находится на краю высоких гор, среди девственных лесов и бурных рек. Здесь 23 апреля 1918 года родился в семье простого крестьянина Кайсы и его супруги Бижамал мальчик по имени Касым. Все то, что присуще родному краю, вошло в его плоть и кровь. В его характере и творчестве легко угадываются и беспредельная высота, и чистота помыслов, и неукротимость поиска. Это были трудные времена после Октябрьской революции и

гражданской войны. С детства он испытал все тяготы и лишения, но даже в самом юном возрасте он никогда не склонял голову и не унывал.

В 1935 году семнадцатилетним юношей Касым Кайсенов приезжает в Усть-Каменогорск и поступает учиться в техникум политпросвещения. Это учебное заведение он оканчивает уже вместе со своей супругой в 1938 году. За год до этого события Касым Кайсенов женился на красавице Асылхан, которой в ту пору было всего шестнадцать лет.



В 1939 году, работая в Павлодарской области в должности инспектора народного образования, Касым Кайсенов был призван в ряды Советской Армии. А в 1939 году – на финскую войну, но, благодаря его внешним данным, был оставлен в Москве, где три года учился в специальной разведывательно-диверсионной школе. В такую школу отбирали одного из тысячи, солдат готовили к подрывной деятельности в тылу врага.

В интервью известному писателю Ахату Жаксыбаеву Касым-ага сказал: «По прибытии в Москву меня приняли в разведывательно-диверсионную школу. Поскольку школа была особо

засекречена, там нельзя было ни писать письма, ни получать их. Конечно, ни адреса, ни улицы, где она расположена, я не знал. Не знаю по имени-отчеству и преподавателей, обучавших меня два года. Это были опытные разведчики, проработавшие за рубежом десятки лет. Учиться в той школе было нелегко».

В 1941 году Касым Кайсенов был направлен в штаб Юго-Западного фронта, откуда, получив специальное задание, был заброшен в тыл врага для организации на территории оккупированной Украины партизанского движения и диверсионной работы. На этой земле Касым Кайсенов командовал отрядом под номером три в партизанском

соединении, носившем имя Чапаева. В дальнейшем, до конца 1944 года, участвовал в партизанских движениях на территориях Молдавии, Чехословакии, Румынии.

Руководители штаба партизанского движения видели, что Касым Кайсенов – энергичный, способный, смелый. Он от природы был физически сильным, отчаянным человеком. В то время партизанское снаряжение бойца, забрасываемого во вражеский тыл, составляло 80 килограммов – автомат, запасы боеприпасов, связки гранат и так далее. Если прыгал еще радист, то он нес на себе громоздкую рацию. Тщательно крепили все это на себе, чтобы не растерять в воздухе, пока раскроется парашют. Их сбрасывали в лесах ночью, под утро.

Его четырежды посылали в тыл врага на Украине. Когда Касым Кайсенов выполнял первое задание, пробиваясь из окружения фашистов, многие вокруг него погибли, он остался один. В своей книге «Партизанской тропой» герой так описывает свое состояние: «Один. Страшно остаться одному, когда тебя на каждом шагу подстерегает опасность. Страшно от того, что можешь погибнуть зря, рискуешь быть схваченным в плен, когда силы покинут тебя, и ты не сможешь даже выстрелить во врага. А я оказался именно в таком положении. Вот уже четверо суток питаюсь ягодами и корой деревьев. Мне никак не удастся выйти из леса. Оружие и радиостанция надежно спрятаны. Я оставил себе только пистолет с запасом патронов. Несколько раз в сумерки входил в села, делал попытки проникнуть в дома жителей. Но всякий раз, проплывав ночь, снова возвращался в лес ни с чем.



Села забиты карателями. Нельзя рисковать. Если схватят и меня, будет совсем плохо».

В тот раз ему помог простой украинский крестьянин. Вообще, как описывает Касым Кайсенов, местные жители не раз помогали партизанам уходить от преследователей, за что он был благодарен им до конца жизни. Отыскать своих – партизанский отряд под названием «Комитет №8», сформированный политруком Красной армии Иваном Примаком, Кайсенову удалось лишь через 10 дней. В дальнейшем они вместе приняли участие в создании крупного партизанского соединения имени Чапаева. В отряде он получил псевдоним «Вася».

Находясь в Украине, Кайсенов участвовал более чем в ста различных операциях, в разработке значительной части которых



1944 года, под местечком Плоешти в Румынии, во время воздушного десанта, он был одним из трех, выживших в том страшном бою. Летом того же года на дальней стороне Карпатских гор он был в числе семерых из шестидесяти солдат, оставшихся в живых. Среди густых зарослей камыша, которые охватил огонь, бывают некоторые камыши, которые не горят. Так и Касым Кайсенов не сгорел в жестокое пламя войны.

В его партизанской биографии насчитывается много удивительных случаев. Как-то во время очередной заброски Касым приземлился на крыше церкви. Зацепился стропами парашюта за крест и получилось, что будто он распят. До ножа не дотянуться, да и не помог бы он – купол отвесный и гладкий, срежешь и свалишься с 80 килограммами груза за спиной. К счастью, немцев в этой глухой деревеньке не было. Утром появились старики, которые, увидев «живое распятие», упали на колени и начали молиться. Они подумали, что это знамение, спасение от Бога. Долго пришлось Кайсенову уговаривать их помочь ему.

В другой раз ему пришлось легализоваться в немецкой комендатуре





под видом бывшего советского военнопленного. Прикинувшись душевнобольным, он успешно обманул фашистов. Из воспоминаний Касыма Кайсенова:

«Проверку «политической благонадежности» пришлось проходить и мне. В то время я под видом военнопленного жил в селе Македоны, Ржищевского района, Киевской области.

Однажды я получил официальный вызов из немецкой комендатуры. В этом селе кроме меня жили и работали подпольщики Попов, Клопов, Дяченко, Олейник, Абраменко, Гаман и другие.

- Надо идти, - сказали мне товарищи, узнав о вызове. - Если не явишься, немцы сразу заподозрят неладное.

... Комендант занимал самую большую и светлую комнату. Видимо, раньше здесь была учительская или пионерская. Стены и пол убраны коврами, в глубине - большой, застланный тяжелой скатертью стол, за которым важно восседал полный белобрысый офицер в очках. На вид ему - лет пятьдесят. На столе, по правую руку, - пистолет и три резиновых жгута разной толщины. На стене, прямо над головой, - большой портрет Гитлера.



Когда я вошел, комендант внимательно оглядел меня и что-то сказал женщине, сидевшей возле него. Они брезгливо поморщились и с презрением посмотрели в мою сторону. Я запустил руку в прореху рваной рубахи и стал почесываться.

- Знаешь ли ты русский язык? - спросила женщина.

Я притворился, что ничего не слышу. Женщина рассердилась, вскочила, схватила со стола резиновую дубинку и больно ударила меня.

- Знаешь ли ты русский язык? - повторила она свой вопрос.

- Ру-с-с-кий! - отвечаю я, кое-как мямля, и согласно

киваю головой.

- Глупая голова, - сердито говорит офицер, энергично тыча пальцем в свой лоб. - Откуда ты русский? Ты - азиат!

Офицер стал что-то кричать по-немецки. Я стоял, молча и равнодушно разглядывал стены кабинета. Потом комендант приказал позвать полицейев и что-то сказал женщине.

- Этот действительно не понимает по-русски. К тому же у него не все в порядке с головой, - перевела женщина вошедшим полицейам. - Пан комендант распорядился его не тревожить, а вам объявить замечание за то, что вы приводите сумасшедших, а настоящих большевиков не видите под носом.

- Иди, - сказал мне полицей.

Но я преспокойно уселся на стул. Тогда полицей подошел ко мне и подтолкнул меня в направлении двери. На улице я направился к патефону.

- Проваливай! - крикнул полицей. - Людей не дозовешься, а этот сам пришел и уходить не хочет.

Так я стал легальным».

Во фронтовой жизни Касыму навсегда

запомнилась битва за Днепр.

По заданию командования фронта в сентябре 1943 года отряд в 150 человек, которым командовал Касым Кайсенов, вместе с бойцами действующей армии, с тяжелым боем переправляется на южный берег реки. Проявив отвагу и мужество при форсировании Днепра и закрепившись на правом берегу в районе знаменитого Букринского плацдарма, бойцы отряда сопровождали основные силы Красной Армии и обеспечили им переправу. Шли жестокие и кровопролитные бои. Решив вернуть утерянные позиции и отбросить подразделения советских войск на левый берег Днепра, фашисты неоднократно предпринимали яростные контратаки, но их каждый раз встречал сокрушительный огонь из пулеметов и автоматов наших бойцов. Отряд Кайсенова уничтожил сотни немецких солдат и офицеров, но поредили и ряды боевых товарищей легендарного партизанского командира.

За это он должен был быть представлен к званию Героя Советского

Союза, но по роковой случайности звание получил другой человек. Трижды его выдвигали на звание Героя Советского Союза, но нашлись противники, до сих пор безымянные, которые препятствовали этому. Сам Касым Кайсенов об этом никогда не переживал. Он говорил: «Я воевал за Родину, и за это мне не нужны никакие награды, кроме уважения и любви моего народа».

Одним из наиболее ярких эпизодов биографии Касыма Кайсенова стало

полосы» и в других произведениях.

По окончании войны Касым Кайсенов возвратился в Казахстан и работал ответственным работником в аппарате президиума Верховного Совета Казахской ССР. В качестве заместителя председателя райисполкома Жуалинского и Свердловского районов Жамбылской области активно участвовал в восстановлении послевоенного народного хозяйства. С 1953 по 1972 год работал в издательствах «Жазушы»,

где воевал, но и поименно всех бойцов своего отряда. Касым Кайсенов начал работу над книгой, и в 1954 году выходит в свет его первая повесть «Юные партизаны». Через год еще две – «Илько Витряк» и «Партизаны Переяслава». Потом еще и еще: «Из когтей смерти», «Мальчик в тылу врага», «На Днепре», «В тылу врага», «В те годы», «Партизанской тропой».

Писатель-фронтовик в своих книгах рассказывал о своих боевых друзьях – командирах партизанского

казахский народ.

После обретения Независимости, в канун 50-летия Победы в Великой Отечественной войне Указом Президента Республики Казахстан Касыму Кайсенову присвоили звание Халық қаһарманы. Так восторжествовала справедливость. За мужество на поле боя Касым Кайсенов награжден орденом Великой Отечественной войны 1-й и 2-й степени, орденом Богдана Хмельницкого, на его счету — более двух дюжин советских и международных медалей. Также он является лауреатом литературной премии имени Бауыржана Момышулы.

Сердце славного сына казахского народа Касыма Кайсенова остановилось 30 декабря 2006 года. Память о славном защитнике Родины увековечена в Казахстане: его имя с 2011 года носит поселок Молодежный, административный центр Уланского района. Появилась улица его имени и в Усть-Каменогорске, там же на одноименной улице установлен памятник партизану. В 2013 году вышел фильм режиссера Леонида Белозоровича «Без права на выбор (Касым)».

Фархат КИНЖИТАЕВ



освобождение свыше семисот политических заключенных из концлагеря «Белая Тая». Немцы при отходе собирались всех их уничтожить, подступы были заминированы. Партизанский отряд освободил пленных. Этот подвиг Касыма Кайсенова описан в книгах министра обороны СССР, маршала Андрея Гречко «Через Карпаты», генерала Владимира Лавриненкова «Возвращение в небо», военного историка Анатолия Уткина «Атака восточной

«Кайнар», директором бюро пропаганды художественной литературы при Союзе писателей Казахстана.

Его писательская биография началась не вдруг. Еще до войны он писал стихи и даже печатался в районных и областных газетах. Когда Кайсенов приехал в Алма-Ату, писатель Жумагали Саин ввел его в творческую среду, и он написал воспоминания о войне для газеты. У Касыма была феноменальная память – он помнил не только названия всех сел и хуторов,

движения Александре Васильевиче Тканко, Емельяне Демьяновиче Ломако, Иване Кузьмиче Примаке. Посвящает один из разделов воспоминаний легендарному сыну украинского народа, прославленному командиру партизанского соединения, дважды Герою Советского Союза генерал-майору Сидору Артемьевичу Ковпаку. Сам Ковпак тоже очень ценил Касыма Кайсенова, представителя казахского народа. Ковпак так и называл партизана-казаха – наш



«Қуатты армия –  
Жаңа Қазақстан»



2025

АІВҮН

